

Проверила
методист инд!

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қыркүйек 02.09-05.09

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	1. Балабақшаға саяхат. Кел, танысайық! Мақсаты: Қазақ тілін түсініп, амандасу, қоштасу, өзін таныстыру сөздерін қолдану, дауысты дыбыстарды дұрыс айту, артикуляциялық аппаратты, фонематикалық есту мен сөйлеуді дамыту. Сыпайы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбері. Ғажайып сәті: Қонаққа Дана қуыршақ келеді. Педагог: - Балалар, бүгін бізге қонаққа Дана қуыршақ келді. Қане, балалар, қуыршақпен амандасайық. Сәлеметсіз бе! Дананың бірге ойнайтын достары жоқ екен. Сендермен дос болғысы келеді. Балабақшаға барғысы келеді, бірақ, балабақша үлкен, адасып кетуден қорқады екен. - Балалар, Дана қуыршақпен дос боламыз ба? Иә. Жарайсыңдар! Қуыршақ Дананы балалармен таныстыру. Педагог: - Менің атым - Дана. - Балалар, бір-бірден: «Менің атым ...», деп өздеріңді таныстырып өтіңдер. - Менің атым - Кәрім (Ақбота, Зере, Даурен ...) Жарайсыңдар, балалар! - Дананы қуыршақты өзіміздің балабақшамызбен таныстырайық. Негізгі бөлім . Балабақша ішіне саяхат. Педагог: - Балалар, балабақшамызда тағы қандай бөлмелер бар екен? Білгілерің келе ме? Иә. Ендеше, балалар, мен сендерді балабақшамыздың ішіне саяхат жасауға шақырамын.

- Саяхатқа пойызбен шығамыз. Дананы бірге алып кетейік.

Педагог балалар және тәрбиешінің көмекшісінің көмегімен балабақша ішіне саяхатқа шығады. (Саяхатқа шығу мүмкін болмаса, суреттерді топтың бірнеше бұрышына жапсырып қойып, топ ішінде саяхаттауға болады.)

- Балалар, мынау музыкалық зал. Қайталаймыз. Музыкалық зал. Жарайсыңдар! Бұл жерде біз сендермен ән айтып, би билеп үйренеміз, ертеңгіліктерімізді өткіземіз.

- Мынау біздің спортзал. Қайталаймыз. Спортзал. Жарайсыңдар! Бұл жерде жүгіреміз, секіреміз, ойнаймыз, жаттығамыз, спортпен шұғылданамыз.

- Балалар, дәмді иісті сезіп тұрсыңдар ма? Иә. Бұл біздің асханамыз. Қайталаймыз. Асхана. Жарайсыңдар! Асханада аспаз апайларымыз жұмыс істейді. Қайталаймыз. Аспаз. Жарайсыңдар! Бұл жерде үлкен ыдыстарға дәмді ботқа, көже, тосап, салаттар жасайды.

- Ал, мынау медициналық бөлме. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! Бұл жерде жарақат алып қалған адамдарға көмек көрсетеді, дәрумендер береді, бойымыз бен салмағымызды өлшейді, тамағымызды тексереді. Бұл бөлмеде мейірбике жұмыс істейді. Қайталайықшы. Мейірбике. Жарайсыңдар!

- Мына жерде біздің беті-қолымызды сүртетін орамалдарымызды, жататын төсек-орнымызды жуатын бөлме бар. Кір жуу бөлмесі. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! Бұл жерде кір жуу машиналары, үтіктейтін үтіктер бар. Күр жуатын апайлар жұмыс істейді.

- Ең маңызды жер - күзетшілер отыратын жер. Бұл жерді «вахта» деп те айтады. Балабақшаға бөтен адамдардың кіріп кетпеуін қарап отырады. Қайталаймыз. Күзетшілер. Жарайсыңдар!

Үлестірмелі материалмен жұмыс.

Отбасы мүшелерін ата. Сұраққа жауап бер. Мынау кім? Педагог тапсырманы түсіндіреді. Жеке жұмыс жүргізеді. 3.Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Бағалау, мадақтау.

Сергіту сәті. «Ойыншықтар» әні.

«Нені, қайда қоямыз?» дидактикалық ойыны.

Педагог:

- Балалар, Дана киімдерін қайда, қалай қоятынын білмей тұр. Данаға көмектесеміз бе? Иә.

Әр баланың алдына ашық тұрған шкафтың суреті мен сырт киімдердің суреттері таратылады.

Балалар киімдерді шкафқа дұрыс орналастыруы қажет.

- Әли (Руслан, Дария, Мансұр), сен шкафтың жоғарғы жақ бөлігіне нені қойдың? Дұрыс. Жоғары жақ бөлігіне бас киімдерді қоямыз.

- Мадина (Айдана, Дастан), сен шкафтың төменгі жақ бөлігіне нені қойдың? Дұрыс. Төменгі жақ бөлігіне аяқкиімдерімізді қоямыз.

- Балалар, біз киімді қайда ілеміз? Қане, балалар, ілгіш деп айтып көрейікші. Жарайсыңдар! Киімді ілгішке ілеміз.

Қортынды

Педагог:

- Балалар, бүгін бізге қонаққа кім келді?

- Иә. Дана қуыршақ келді. Сендер Данамен таныстыңдар, балабақшаға саяхаттадыңдар. Жарайсыңдар!

- Қонақтар кеткен кезде қоштасамыз.

Балалар:

- Сау бол, Дана!

- Балалар, Дана да сендермен қоштасады.

Дана қуыршақ:

	- Сау болындар, балалар! Педагог балаларды смайлик арқылы бағалайды.
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
	Әдістемелік материалдармен жұмыс

Проверка
методист шп?

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қыркүйек 08.09-12.09

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнemoкестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	Сәлем - сөздің анасы. Кел, танысайық! МақсатыҚазақ тілін тыңдау, оны түсіну, қабылдай алуды үйрету; ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды, қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсіну және қолдана алуды, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Аудиожазбаны тыңдау. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәті. Қонаққа Дана қуыршақ келеді. Негізгі бөлім Педагог: - Балалар, бізге қонаққа кім келді? Бұл қуыршақ. Қуыршақ сендерге: «Сәлеметсіңдер ме!» - дейді. - Балалар, қуыршаққа: «Сәлеметсіз бе!» - деп айтайықшы. - Сәлеметсіз бе! - Қане, балалар, тағы қайталап айтайықшы: «Сәлеметсіз бе!» Жарайсыңдар! Сергіту сәті «Біз қадам басамыз, біз үлкен боп өсеміз» сергіту сәті. «Менің атым кім?» сөздік жаттығуы. Педагог: - Балалар, Дана өзінің атын айтты. Біз де өзіміздің атымызды айтайық. - Дана сендерден: «Сенің атың кім?» деп сұрайды, ал, сендер: «Менің атым - Альмира (Жарас)» деп жауап бересіңдер. «Бұл кім (не)?» жаттығуы.

	Педагог: - Балалар, бұл кім? (қуыршаққа нұсқап) - Иә. Бұл Дана. Мирас, қайталашы: «Бұл Дана». Жарайсың! Педагог бірнеше балаға дұрыс жауапты қайталап шығуға мүмкіндік береді. - Сау бол, Дана! - Балалар, Дана сендерге таспалар сыйлайды. Дана: - Балалар, сау болыңдар! Педагог қорытынды жасайды. Бағалау, мадақтау.
Балалармен жеке жұмыс	«Бұл мен» көрсету жаттығуы.
	Әдістемелік материалдармен жұмыс

Проверила
методист инд!

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қыркүйек 15.09-19,09

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	3. Үй жануарлары және оның төлдері. Мақсаты: Қазақ тілін тыңдау, оны түсіну, қабылдай алуды үйрету. Ұйымдастыру кезеңі: Ғажайын сәті. Педагог: - Балалар, мен сендерге бір жұмбақ жасырамын. Сендер шешуін тауып көріңдер. Жұмбақ жасыру. Қожайынын таниды, Күзетеді бар үйді. Бөтендерге үреді, Келді деп белгі береді. Ол не? (Ит.) «Тышқан, ит және мысық» ертегісі. Ертегіні әңгімелеу. Негізгі бөлім Тақтаға үй жануарларының суреттері ілінеді. - Балалар! Бұл не? Мысық, ит, сиыр, жылқы, шошқа. - Олар қандай жануарлар? Үй жануарлары. - Адамдардың қасында өмір сүреді. Адамдар оларға қора салады, қамқор болады. - Балалар, жануарлардың төлдері енелерінен адасып кетіпті. Оларды табуға көмектесейікші. «Енесін тап» дидактикалық ойыны. «Не, қалай жүреді?» сергіту сәті.

	Педагог: - Балалар, қазір біз көңілді әуенді тыңдаймыз. Ненің дыбысын естісек, сол аңға ұқсап жүреміз. Жаттығу төрт түлік малдың барлығының жүрісін келтіріп болғанға дейін жалғасады «Не артық?» дидактикалық ойыны. Шарты: аула мен орманның макеті тұрады, балалар жануарларды екі жаққа дұрыс бөліп орналастырады. Артикуляциялық жаттығу. - Қы-қы-қы, - Бұл жүйрік жыл-қы! «Байқампаз бол!» дыбыстық ойыны. «Төлдерді тамақтандыр» тыныс алу жаттығуы. Кейіпкермен қоштасу.
Балалармен жеке жұмыс	«Көк шалғында демалдық» рефлексиясы.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверка
методист инд?

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қыркүйек 22.09-26.09

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнemoкестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	4. Ойыншықтарым көп менің, Бәрін жақсы көремін! Мақсаты: Қазақ тілін түсіну, дұрыс дыбыстау және зейінді дамыту. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәті Қорап көрсетіледі. Педагог: - Балалар, менде қорап бар. Оның ішінде не бар екен?Қорапты ақырын сілкіп көру. Балалар оның ішінде бірдеңе барын, бірдеңе сыңғырлайтынын естиді. Негізгі бөлім «Қораптың ішінде не бар?» дидактикалық ойыны. Мақсаты. Қораптан алып шыққан ойыншықты атауды, заттарды «ойыншықтар» жалпылауыш сөзімен атауды үйрету. Ережесі:Әр бала ортаға шыққан кезде педагог оларға бір-бір ойыншықтан алуына мүмкіндік туғызады. Балалармен бірге қарастырады, зерттейді, үстелдің үстіне бір қатарға қояды. Затты дұрыс атау мен достарының жауаптарын қайталауды қолпаштайды. Сергіту сәті. «Бізбен бірге ойнандаршы». «Не алып келдің?» жаттығуы. Педагог: - Балалар, бұлар қалай аталады? (Көрсеткішпен ойыншықтарға нұсқап, оларды айналдыра көрсетеді.) «Мә, допты ала ғой» жаттығуы. Балалар жарты шеңбер құрып отырады. Педагог:- Балалар, біраз ойнап алайық. Қазір допты бір-бірімізге беріп: «Мә, допты ала ғой» деп айтамыз. Мен бастаймын.

	Шағын бейнероликті ұсыну. Көркемсөз. Доп домалап домалақ, Көк көйлекті қуыршақ. Күннің көзін бейнелейді, Қоянменен би билейді. Қорытынды Педагог: - Балалар, біз не істедік? Иә. Біз ойнадық. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! Педагог қорытындылайды. Бағалау, мадақтау. Қуыршақпен қоштасу.
Балалармен жеке жұмыс	«Ойыншықтар шаршады» рефлексия.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверка
методист инст

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қазан 29.09-03.10

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнemoкестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	5. Алтын күз. Сап - сары жапырақтар Мақсаты: Қазақ тілін тыңдау, күзгі табиғат, күзгі еңбек түрлері, күз мезгілінің белгілерімен таныстыру Ұйымдастыру кезеңі Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!» Жұмбақ жасыру. Қызыл, сары кемелер, Су бетінде қалқиды. Сокса егер салқын жел, Ырғалады, толқиды. Ол не? (Жапырақтар.) - Мынау жапырақтар. Дұрыс таптыңдар, балалар! Ғажайып сәті. Сиқырлы әуеннің дыбысы естіледі. Жоғары жақтан алтын жапырақ ұшып түседі. - Балалар, бізге қонаққа Алтын жапырақ келді. Қане, барлығымыз амандасайық. - Сәлеметсіз бе! - Ол саяхатқа шығыпты. Балаларды таңғажайып күз мезгілімен таныстырғысы келеді екен. Негізгі бөлім Күздің суреті ілінеді. - Суретке қараңдаршы, балалар, табиғат қандай әсем! Ағаштардың жапырақтарының түсі қандай? - Жапырақтардың түсі сары, қызыл. - Балалар не киіп алған?

	- Балалар күрте, баскиім киіп алған. - Адамдар не істеп жатыр? - Олар алма жинап жатыр. - Иә, дұрыс айтасыңдар. - Ал, мына суретте адамдар комбайнмен егін жинап жүр. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! Сөздік жұмыс. - Егін дегеніміз - бидай, күріш, тары тағы басқа дақылдар. - Алтын күз дегеніміз - даланың бәрі сап-сары түске боялып, ағаштардың жапырақтары мен шөптердің сарғайған кезі. Сергіту сәті. Өн бойымды тік ұстап, Таянамын бүйірді. Бастап кетем Дұрыстап Сәйгүлікше жүруді. Бір! Екі! Бір! Екі! «Сәйкестендір» дидактикалық ойыны. Бұлт жиналды, жиналды, (алақандарын ашып жұмады) Көркемсөз. Мұқағали Мақатаев «Сап-сары жапырақтар». Қорытынды Алтын жапырақпен қоштасу.
Балалармен жеке жұмыс	«Алуан-алуан жапырақ» атты ойын рефлексиясы.
	Әдістемелік материалдармен жұмыс

Проверила
методист инд.

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қазан 06.10-10.10

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	6. «Не қайда өседі?». Көкөністер мен жемістер. Түстер әлемі. Мақсаты: Қазақ тілін тыңдауды, көгөністер мен жемістердің атауларын еске сақтауды үйрету. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәті . Көгөністер мен жемістер тиелген ойыншық жүк көлігі сүйретіліп кіргізіледі. Негізгі бөлім Көркемсөз. Терезенің сыртында, Гүрілдеп тұр немене? - Гүр-гүр-гүр! Гүр-гүр-гүр! Көлігім толып тұр! «Көгөністер мен жемістер» дидактикалық ойыны. «Көгөністер мен жемістер» сергіту сәті. Көгөністер бақшада, Отырады, толады. (тізе бүгіп отырады) Кезек-кезек піседі, Үлкен болып өседі. (жайлап аяққа тұрады) Қандай түсті?» дамытушылық ойыны. Көгөністер мен жемістердің арасынан аталған түсті (қызыл, жасыл, тоқсары) табуды үйрету, таңдауын түрлі түсті фонға сәйкестендіру арқылы тексеру. Қорытынды Педагог: - Балалар, біз бүгін не туралы білдік? Дұрыс, көгөністер мен жемістер бар екенін. Жүк көлігімен қоштасу.

	- Балалар, жүк көлігі әрі қарай кетіп барады. Ол бізге көгөністер мен жемістерді қалдырып кетеді.
Балалармен жеке жұмыс	«Не жоқ?» зейінге арналған жаттығу.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қазан 13.10-17.10

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	7. Нан дастарханға қалай келеді? Мақсаты: Қазақ тілін тыңдауды, тақырып бойынша фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсіну, нанның дастарқанға келу жолы туралы білімдерін қалыптастыру. Ұйымдастыру кезеңі «Кел, сәлемдесейік!» Педагог: - Балалар, мен сендерге бір жұмбақ жасырайын, сендер оның шешуін тауып көріңдер. Жұмбақ жасыру. Терезенің алдына Қойып қойды суытып. Иісі мұрын жарады, Өзі сары болады. Ата менен ападан, Не қашып барады? Дұрыс! Бауырсақ қашып барады. Ғажайып сәті. Бүгін бізге қонаққа Бауырсақ келді. Қане, балалар, амандасайықшы. Бауырсақ ертегісіне қысқаша шолу жасады. Негізгі бөлім Балаларға жолдан Қасқыр кездеседі.Қасқырмен амандасып,танысады.

	Сергіту сәті. Бидайдың дәнін аламыз, Егістікке барамыз. Енді дәнді егеміз, Өскенінше күтеміз. (тізе бүгіп отырады) Балаларға жолдан Аю кездеседі. Аюмен танысады. «Содан кейін не істейміз?» дидактикалық ойыны. Аю балаларға кезек-кезек барады. Суреттерге қарап, нанның дастарқанға дейін қалай келетінін айтып береді. Балаларға жолдан Түлкі кездеседі. Аңдарға қамқорлық көрсетуге үйренеді. «Үшіншісі артық» дидактикалық ойыны. Мақсаты. Артық затты анықтауды үйрету. Артикуляциялық жаттығу. Ян-ян-ян-ян, Қорқақ қоян. Қорытынды Кейіпкермен қоштасу. Педагог:- Жаттығу жасадық, ойын ойнадық, орманға бардық. Жарайсыңдар!
Балалармен жеке жұмыс	Ойын рефлексиясы.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист инд.

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қазан 20.10-24.10

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	8. «Алтын күз». Жыл құстары Мақсаты: Қазақ тілін түсінуді, «күз» сөзін қолдануды, септік жалғауларын өзгерте отырып қарапайым сөз тіркестерін құрауды үйрену. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәті. Қонаққа күз келді. Негізгі бөлім Көркемсөз. Күз ханшайым сыбырлап, Тыныш қана үн қатты: Жапырақтар ұшыңдар, Жауа түссін тамшылар. «Күз мезгілі» әңгіме. «Жапырақтар, ұшыңдар» сергіту сәті. Саусақ жаттығуы. «Жаңбыр». Жұмбақ. Көкек - көкек, Ға-ға-ға. У-һу-у-һу, Да-ла-да! Ән салады, ұшады,

	- Ұшақ па? Кім байқады? Қорытынды Педагог: - Балалар, біз не туралы әңгімелестік? Күз туралы. Күз қандай? Алтын күз. Жарайсыңдар! Кейіпкермен қоштасу. - Балалар, Күздің жұмысы көп, ол басқа балаларға да бара жатыр. Күзбен қоштасайық. - Сау болыңыз!
Балалармен жеке жұмыс	
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист инд.

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қазан 28.10-31.10

Күн тәртібі	
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	9. Күзгі жаңбыр Мақсаты: Жаңбыр түрлерінің атауларын қазақ тілінде атауды үйрету Ұйымдастыру кезеңі «Кел, сәлемдесейік!» Әңгімелесу. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілі. - Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? - Күн суық. Жылы киім киеміз. Жапырақтар сарғайып, жерге түсіп жатыр. Жаңбыр жауа береді. Ғажайып сәті.Осы кезде жаңбырдың дыбысы естіледі. - Ой, балалар, мынау ненің дыбысы?(Таңдана жан-жағына қарайды.) - Жаңбыр жауып тұр. - Иә, дұрыс таптыңдар. Балалар, бұл жаңбырдың дыбысы. Негізгі бөлім Тыныс алу гимнастикасы.Балаларға бұлттардан жіпке салбырап тұрған тамшыларға үрлеуге ұсыныс жасайды. Тамшыларға үрлеп, тыныс алу жаттығуын орындайды. Саусақ жаттығуы. «Қызықты серуен». Сергіту сәті. Педагог: - Алақай! Балалар, бұлттар бізді айналып өтті. Келіндер, балалар, ән салып, демалып алайық.Сергіту сәтінде «Тырс-

	тырс біздерге...» әнін айтады. («Кап - кап, на ладошку» әнінің қазақша нұсқасын айтады.) «Жалғастырып айт» дидактикалық ойыны. Қорытынды Педагог:- Балалар, біз Мұқағали аталарыңның «Сап-сары жапырақтар» өлеңін жаттағанбыз. Соны есімізге түсіріп көрейікші. Көркемсөз.Мұқағали Мақатаев «Сап-сары жапырақтар».
Балалармен жеке жұмыс	
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист инд.

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қараша 03.11-07.11

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	10. «Жолға дайындал...». Көліктер. Түстер әлемінде. Мақсаты: Көлік түрлерінің қазақ тіліндегі атауларын, негізгі түстерін тыңдап, дұрыс атауды үйрету. Ұйымдастыру кезеңі Бейнероликті көрсету. Жұмбақ жасыру. Алда да, артта да, Жүреді бипылдата. Көшемізде біздің, Доңғалақтар ізі. (Көліктер.) Негізгі бөлім Көліктер туралы әңгіме. «Сенде не бар?» жаттығуы. Өртүрлі көліктер бейнеленген суреттерді бір-бірден көрсету Сергіту сәті. «Қонақтар немен жетті?» - Қонақтар немен жетті? (колоннаға бір-бірден сапқа тұрғызу) Паровозбен тез жетті, Доңғалақ тықылдап, Алға қарай зырылдап: Тақ-тұқ, тақ-тұқ! Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ритмикалық әуен қосылады. «Не артық?» дамытушылық ойыны.

	Ереже. Балалардың алдына ұқсас төрт заттан тұратын, түсіне қарай ғана ажыратылатын суреттер қатары қойылады: - қызыл түсті қызанақ, қызыл түсті жалауша, көк ұшақ, қызыл таңқурай; - сары түсті күн, сары жапырақ, қызыл түсті мәшине, сары түсті лимон; - тоқсары түсті сәбіз, жасыл түсті кеме, тоқсары апельсин, тоқсары түсті ішкөйлек. Қорытынды Педагог: - Балалар, біз не туралы әңгімелестік? Көліктер туралы. Жарайсыңдар!
Балалармен жеке жұмыс	«Өртүрлі көліктер» рефлексия.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист инд.

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қараша 10.11-14.11

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	11. Жабайы аңдардың қысқа дайындығы. «Қоян тонын неге ауыстырады?» Мақсаты: Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімді тереңдетуге және жалпылауға ықпал ету. Ұйымдастыру кезеңі Мультфильмнен үзінді көрсету. - Қалай ойлайсыңдар, балалар, бұл аңдар нені іздеп жүр екен? - Білгілерің келе ме? - Онда, не екенін табу үшін бір жұмбақ шешіп көрейік.. Ұзын құлақ қорқақпын, Үлпілдек жүн томпақпын. Сәбізді жақсы көремін, Үнемі қашып жүремін. (Қоян.) Негізгі бөлім Қоян туралы ақпараттар беру. Тақпақ жаттату. Сергіту сәті. Түлкі, түлкі, түлкімін. Көрдің бе түсін тонымның? Қара етік киемін, Бойымда жоқ бір мінім! «Шыршаның артына не жасырынған?» дидактикалық ойыны. Тыныс алу гимнастикасы.

	Қорытынды Балаларды бағалайды.Қортынды жасайды.
Балалармен жеке жұмыс	«Әртүрлі көліктер» рефлексия.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қараша 17.11-21.11

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	12. «Орманда нелер мекендейді?». Жабайы аңдар. Мақсаты: Орманда мекендейтін жабайы аңдардың атауларын еске сақтауды үйрету. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәт. - Балалар, бізге қонаққа Қоян келді. Сәлеметсіз бе! Ол бірдеңе айтқысы келеді.Әңгімелесу. Мен орманда мекендеймін, Түлкіден қорқып, елеңдеймін. Бұталардың астына тығыламын, Көрініп қалмасын құлақтарым. Орман сүйікті тұрағым, Осында сайран құрамын. Негізгі бөлім «Орманда нелер мекендейді?» жаттығуы. - Балалар, қоян қайда мекендейді? Иә. Қоян орманда мекендейді. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! Назар, қоян қайда мекендейді? Орманда. Жарайсың! Аңдар сияқты жүреміз» сергіту сәті. Балақаймыз кішкентай, (орнында адымдау) Сүп-сүйкімді аңдардай. (орнында адымдау) Серуендеп орманда, (аяқтың ұшымен жүру, денені әрі-бері теңселту,) Еліктейміз түрлі аңға: (аяқтың ұшымен жүру, денені әрі-бері теңселту, түлкіге еліктеу) «Үйшік» ертегісін айтып беру.

	- Балалар, осы аңдар ертегіде бір үйде тұра алады екен. «Үйшік» ертегісін тыңдап көріңдерші. Қорытынды Барлығы ертегіні пысықтайды. Аяқтың ұшымен ақырын барып орындарымызға жайғасайық. Балалар, әуенді тыныштықта тыңдаймыз. Балаларды бағалайды. Қортынды жасайды.
Балалармен жеке жұмыс	«Әртүрлі көліктер» рефлексия.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверка
методист шп?

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки, Ладушки

Жоспардың құрылу кезеңі : қараша 24.11-28.11

Күн тәртібі	Дүйсенбі, жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	13. «Қыс қызығы» Мақсаты: Қыс мезгілін жылдың бір мерзімі ретінде қазақ тілінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәт. Педагог:- Балалар, мен сендерге сиқырлы зат әкелдім. Ол не екенін білгілерің келе ме? - Иә. - Ендеше, балалар, менің жұмбағымды шешіп көріңдер. Бұл заттың не екенін дұрыс тапсаңдар, бір қызық көрсетемін. Үйіңде отырсаң да, Далаға шықпасаң да, Даланы көре аласың, Әйнегінен қарасаң. - Ол не? - Дұрыс. Терезе! Бұл жай терезе емес, сиқырлы терезе. Қанекей, балалар, терезеге қарайықшы. Терезенің ар жағында нені көріп тұрмыз? - Далада қыс мезгілі. - Қыс мезгілі екенін қайдан білдіңдер? - Далада қар жатыр, күн аяз. - Қыс - жылдың ең әдемі мезгілдерінің бірі! Қыс мезгілі қандай? - Қыс суық мезгіл. Қар - үлпілдек, ақ, жылтыр! Негізгі бөлім

	«Қыста қалай киінеміз?» дидактикалық ойыны. «Қалың қардың астында не жатыр?» дидактикалық ойыны. Көру арқылы затты қабылдауын дамытып, сөздік қорын белсендіру. Сергіту сәті. «Аққала». Қар жауғанда (қолдарын жоғары көтеру, саусақтарын жан-жаққа ашу, қолдарын жоғарыдан төмен қар жауғандай түсіру) Топ бала(қолдарын екі жаққа ашады) Соқтық келіп Аққала. «Айырмашылығын тап» дидактикалық ойыны. Қорытынды Педагог: - Балалар, бүгін не істедік? - Қыс туралы әңгімелестік. Ойын ойнадық. Жарайсыңдар!
Балалармен жеке жұмыс	«Әдемі қар түйіршіктері» рефлексиясы.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист инд!

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

желтоқсан 01.12-05.12

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнemoкестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	14. «Үйдің көркі не?». Жиһаздар. Мақсаты: Балаларға Қазақстан және Астана қаласы туралы қазақ тіліндегі мәтінді тындауды үйрету. Ұйымдастыру кезеңі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны қосылады.Әнұран айту ережесі айтылады. Қазақстан Республикасының көрікті жерлері туралы айтылады. Негізгі бөлім Ғажайып сәт. - Балалар, біз Еркежан әжеге қонаққа келдік. Еркежан әже бізді үйге шақырады. Бұл жерде не бар? «Үйде не бар?» жаттығуы. Сергіту сәті. «Бәйтерек сияқты». - Балалар, мына ғимараттың атауы Бәйтерек. Бәйтерек биік. Бәйтерек үлкен. Біз де үлкен боламыз. Биікке қол созамыз! Былай! Былай! Бәйтеректей боламыз, Өсеміз осылай! Аяқты ашайық, Біз мықты болайық! «Қажет, қажет емес» жаттығуы. Асүй мен жатын бөлмесіндегі жиһаздардың дұрыс және қате орналастырылған суреттер сериясы көрсетіледі. Қорытынды Педагог:

	- Балалар, біз не істедік? Иә, бөлмелерге жиһаздарды дұрыс орналастырдық. Жарайсыңдар! Кейіпкермен қоштасу. - Балалар, Еркежан әже өте қуанышты. Үй жиналып тұр. Жарайсыңдар! Еркежан әжей үйіне қайтып барады. Еркежан әже: - Рақмет, балалар! Сау болыңдар! Балалар: - Сау болыңыз, Еркежан әже!
Балалармен жеке жұмыс	«Сенде не бар?» рефлексиясы.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Шырша
методист иш

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

желтоқсан 08.12-12.12

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	. жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	15. «Шыршаның бастан кешкендері» Мақсаты: Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттауды, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету. Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері. Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен: «Қайырлы таң!» деймін мен. Ғажайып сәт. - Балалар, бізге қонаққа Шырша келді. Шырша сендермен амандасып жатыр. Шырша: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар, біз де Шыршамен амандасайық. - Сәлеметсің бе, Шырша! Балалар, Шырша мерекеге қалай дайындалып жатқанымызды көруге келген екен. Негізгі бөлім Жаңа! Жаңа! Жаңа жыл! Күттік сені қанша күн! Безендіріп шыршаны, Жағып қойдық шамдарын. «Көлеңкесін тап» дидактикалық ойыны. Сергіту сәті. Сергіту сәтінің орнына балалардың дайындық кезінде жаттап жүрген «Жаңа жыл» әніне қимылдарын келтіріп айту.

	Қысқы бейне» дидактикалық ойыны. Берілген геометриялық пішіндерден аққала мен шыршаны құрастыру. Не құрастырғанын айтып, жақсылап түсіндіріп береді. Артикуляциялық жаттығу. Ша-ша-ша-ша, Әдемі шырша. Қорытынды Педагог: - Балалар, біз қалай ойнадық? Шыршалардың көлеңкесін таптық. Дұрыс. Жарайсыңдар! Кейіпкермен қоштасу. - Балалар, Шырша өте қуанышты. Жаңа жыл мерекесіне қайтып келеді. Жарайсыңдар! Шырша:- Балалар, рақмет! Сау болыңдар.
Балалармен жеке жұмыс	«Сенде не бар?» рефлексиясы.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист инд.

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

желтоқсан 15.12-19.12

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнemoкестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	16. «Дана далаға не киеді?» Киімдер. Мақсаты: Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттау, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету Ұйымдастыру кезеңі Жаңа жылдық қоңыраулар сыңғырлайды. Көркемсөз. Қоңыраулар сыңғыры жаңғырады, Балаларда мереке басталады. - Динь-динь-динь! - Дон-дон-дон! Негізгі бөлім Ғажайып сәт.Қонаққа Дана қуыршақ келді. Дана: - Сәлеметсіз бе! - Дана қуыршақ та далаға шыққысы келеді. Дана далаға не киеді? «Дана далаға не киіп шығады?» дидактикалық ойыны. «Шапшаң киін» сергіту сәті. Сергіту сәтіне арналған баяу ырғақты әуен қосылады. Киінейік, киінейік, Ерінбейік, тезірек. (қолдың шынтақтары «сөре» болып бүгулі, бір қолдың сұқ саусағымен алға, өзіне қарай қозғалтады)

	Жиналайық, жиналайық, Қол ұстасып, дос болайық «Шыршаны әшекейлейміз» («Шыршаны безендірейік») жаттығуы. Қорытынды Педагог: - Балалар, біз қалай ойнадық? Дананы киіндірдік. Шыршаны безендірдік. Дұрыс. Жарайсыңдар! Кейіпкермен қоштасу. – Балалар, Дана қуыршақ өте қуанышты. Дана далаға жылы киініп шығады. Далада ойнайды. Аулада әдемі шырша бар. Шыршада ойыншықтар бар. Жарайсыңдар! Дана: - Балалар, рақмет! Сау болыңдар. Балалар: - Дана, сау бол!
Балалармен жеке жұмыс	Тақпақ жаттау
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист инд.

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

желтоқсан 22.12-26.12

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	17.«Қыстағы ойын-сауық түрлері» Мақсаты: Қар, қысқы ойын-сауық түрлері туралы білімдерін кеңейту. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәті. - Балалар, Дана қуыршақ жылап тұр екен. Бізге қонаққа келіпті. Қане, балалар, Данамен амандасайық. Балалар: - Сәлеметсіз бе! - Қуыршақ Дана қалың киімдерін киіп келіпті. Дана неге олай киінді деп ойлайсыңдар? - Дұрыс. Қазір қыс мезгілі. Қар жауып тұр. Далада аяз. - Қане, балалар, Дана киген киімдерді атап шығайық. «Дананың киімдерін ата!» дидактикалық ойыны. Балалар Дананың қай жеріне, не кигенін айтып береді. Педагог балалардан толық жауап беруді талап етеді. (Мысалы: «Дана басына бас киім киген». «Дана қолдарына қолғап киген.») Негізгі бөлім «Қысқы ойын-сауық» тақырыбында сюжеттік суреттер сериясын көрсету. Балаларға түрлі сұрақтар қою арқылы жауап беруге итермелеу. «Не жоғалып кетті?» дидактикалық ойыны. Педагог: - Балалар, көздеріңді жұмыңдар. Мен суреттердің біреуін алып тастаймын. Көздеріңді ашқанда не жоғалып кеткенін айтасыңдар. «Қыс қызығы» сергіту сәті.

	Іс-қимылдарын келтіріп, өлең жолдарын айту. Қыста қармен атысамыз, Қалың қардан аттаймыз. Шаңғы теуіп жарысамыз. Коньки теуіп біз озамыз. Аққала соғып аламыз. Қыс мезгілін ұнатамыз. Өлеңдер жаттап алып, Біз айтамыз, қуанамыз. «Қолғаптан қарды тазалау» тыныс алу жаттығуы. Педагог қорытынды жасайды. Бағалау, мадақтау. Қуыршақпен қоштасу.
Балалармен жеке жұмыс	«Тыныштық сәті» рефлексия.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист инд.

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

желтоқсан 29.12-31.12

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	18. «Қыс бізбен қар атысып ойнайды». Қыс жыл мезгілі Мақсаты: Қар туралы шағын өлең жолдарын қайталап оқу, сөздерді анықтап айтуды үйрету. «Қыс келді» тақырыбындағы суретті көрсету. Ғажайып сәт Шатырда, жерде, шыршада жатқан қардың фонында орналасқан, әдемі ақ көйлекке оранған қыс бейнесінің суреті, ол жоғарыдан қар жауғызады. - Балалар, суретте қыс мезгілі бейнеленген. Қыс. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! - Қане, балалар, бірге айтайық. Армысың, қыс! Жарайсыңдар! Негізгі бөлім Сикырлы сақинаны қолдану арқылы «Қыс келді» тақырыбына әңгімелесу. «Үлпілдеген қарлар, бізбен бірге айналады» сергіту сәті. Аппақ, аппақ, (қол белде, аяқтың арасы алшақ, солға және оңға тербеледі) Аппақ қыс. Аппақ, аппақ (қол алдыда, білезікті айналдыру, «шамдар» (фонарь)) Ақ күміс. Аппақ қарға қуанып, Кеш батқанша ойнадық. «Қыс келді» суреті бойынша әңгімелесу. Қыс мезгілі туралы мнемокарталар қолданылады: қар жауып тұр, қар басқан шатырлар, қар басқан жер (орындық),

	қар жамылған шырша, тоңғанынан өз денесін қаусыра құшақтаған адам. «Қар атысып ойнайық» ойын жаттығуы. Педагог: - Балалар, қыста қар көп жауады. Қыс бізбен қар атысып ойнағысы келеді. Балаларға ақ қағаздан умаждылып жасалған шарлар беріледі. ҚОРЫТЫНДЫ Педагог: - Балалар, бізге жылдың қай мезгілі келді? Иә. Қыс мезгілі. - Қыс өзімен не әкелді? Иә. Қар әкелді. Қар, қар ұлпасы. Қайталаймыз. Жарайсындар! Қыс туралы бейнеролик көрсету. - Балалар, қыс әлі де бізде қонақта болады. Балалар, қазір қыс туралы бейнероликті тамашала
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
	Әдістемелік материалдармен жұмыс

Проверка
методист инст

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы -2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қаңтар 05.01-09.01

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар,мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	19.Орман тұрғындарының бастан кешкендері. Мақсаты: Қазақ тілін түсінуді, аңдарды дұрыс атау және олардың қысқы тіршілігін білу. Ұйымдастыру кезеңі «Кел, сәлемдесейік!» жаттығуы. Шаттық шеңбері. Амансың ба, алтын Күн! Амансың ба, Жер-Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем, қуанам! Ғажайып сәт. Педагог: – Балалар, бізге қонаққа Қонжық келді. Ол бізге хат әкеліпті. – Балалар, орман тұрғындарын Мыстан кемпір сиқырлап тастапты. Педагог хатты оқиды: Жұмбақ. Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айқай мен шу. Ол не? – Түлкі. – Дұрыс таптындар, балалар. Негізгі кезең Балаларға қызықты жұмбақтар қояды.Әңгімелеседі.

	Сергіту сәті. Қорбаңдаған аюдың, (қорбаңдап жүреді) Құлпынайы көп екен. (қолдарын жоғары көтеру, екі жаққа жаяды) Теріп-теріп алайық, (бірнеше рет алға қарай иілу, қайта тұру, жидек тергендей қимылдар істеу) Қалтамызға салайық. «Көлеңкесін тап?» дидактикалық ойыны. Шарты. Аңдардың көлеңкесін тауып, маркердің көмегімен өзара қосу керек. Артикуляциялық жаттығу. Ыр-ыр-ыр-ыр, Орманда бар сұр қасқыр. «Дұрыс па, бұрыс па?» дидактикалық ойыны. Қортынды Педагог қортындылайды.
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист инд.

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы -2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қаңтар 12.01-16.01

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнemoкестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	20. «Құстар біздің досымыз». Қыстап қалатын құстар. Мақсаты: Қазақ тіліндегі сөздерді түсінуді, қыстап қалатын құстардың атауын білу және басқа құстардан ажырату. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәті. Көшедегі торғайлардың шырылы естіледі. Педагог: - Балалар, сендер естідіңдер ме? Бұл ненің дыбысы болуы мүмкін? Иә. Біз құстардың дыбыстарын естіп тұрмыз. Олар қалай аталады? Негізгі кезең Торғай туралы әңгімелесу. Артикуляциялық, саусақ жаттығуы. Көгершіннің суретін көрсету. - Балалар, мынау көгершін. Біз оны "гули-гули-гули" деп шақырамыз. Көгершін бізге: "құр-құр-құр" деп, ән салып береді. Балаларды ортаға шақыру, қимылдарын көрсете отырып, өлең жолдарын оқу. «Үлкен және кішкентай үйшіктер» дамыту жаттығуы. Ережелер. Құстарды үйлерінің көлеміне қарай орналастыру керек: үлкенді-кішілі. «Торғайлар мен көгершіндер» қимыл-қозғалыс ойыны. Қорытынды Бүгінгі өткендерді қайталау

Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверка
методист шәһ?

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы -2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қаңтар 19.01-23.01

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	21. "Адамдар. Адам бетінің бөліктері. Тазалық - денсаулық кепілі." Мақсаты: Адам, оның дене мүшелері, адам бетінің бөліктері туралы, адамның жердің барлық бөлігінде өмір сүретіндігі туралы балалардың білімдерін қалыптастыру. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәті. Қонаққа беті-қолы кірлеп кеткен Дана қуыршақ келеді. - Балалар, бүгін бізге қонаққа Дана қуыршақ келді. Дана сендермен амандасып тұр. Дана:- Сәлеметсіңдер ме, балалар! - Біз де амандасайық. Сәлеметсіз бе! Балалар:- Сәлеметсіз бе! - Балалар, Дана қуыршақ табиғат бұрышында гүл суғарып жүргенде, қолына ұстаған гүл отырғызылған шелекті құлатып алыпты. Беті-қолы кірлеп кеткен екен. Бізден көмек сұрап тұр. Көмектесеміз бе? - Иә! Дана қуыршақты жуындыру. Педагог:- Балалар, қуыршақтың бетін жуайық. (үстелде жылы су құйылған ыдыс бар) Жуу кезінде педагог өлең оқиды. Балалар Дананы жууға көмектеседі. Шөлп-шөлп қолымыз, Көпіршітті сабынды. Ыдыс толды көбікке, Тигізбе қолды көзіңе.

	НЕГІЗГІ БӨЛІМ Педагог:- Жарайсыңдар, балалар! Дана тап-таза болды. Оны сүлгімен сүртіндірейік. Адам бетінің бөліктерімен танысу. Сергіту сәті. «Кішкентай достарымыз қайда?» Педагог: - Қолымыз қайда? - Қайда екен қолдарымыз? - Қолдарымыз қайда? (Балалар қолдарын артына жасырады.) - Міне! (Балалар қолдарын алға созады, айналдырады және көрсетеді.) - Аяқтарымыз қайда? - Қайда екен аяқтарымыз? - Аяқтарымыз қайда? (Балалар аяқтарын қолмен жауып тұрады.) - Міне ! (Балалар орындарынан тұрады, аяқтарын топылдатады. - Достарымыз қайда? - Қайда екен достарымыз? - Достарымыз қайда? (Беттерін қолдарымен жабады.) - Міне ! (Беттерін ашады, күлімсіреді) «Ересек адамдар барлық жерде бола алады.» «Дене мүшелерін ата» дидактикалық ойыны. Мақсаты. Адамның дене мүшелерін атау. 1. Денсаулық – зор байлық. 2. Тазалық – саулық негізі. ҚОРЫТЫНДЫ «Денемізге рақмет!» рефлексиясы.
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверка
методист инд!

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы -2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

қаңтар 26.01-30.01

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнemoкестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	22. «Ас бөлмесінде қандай заттар болады?». Ыдыстар. Мақсаты: «Ыдыс-аяқ» тақырыбындағы сөздерді қазақ тілінде айтуды, сөзде екпінді дұрыс қолдануды; есту зейіні арқылы сөздерді дұрыс атауды үйрету. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәті. Аспаздың қалпағы мен алжапқышын киген, қолына мескей ұстаған Тарғыл мысықтың суретін көрсетеді. – Балалар, біздің қонағымыз - Тарғыл мысық. Сәлеметсіз бе! Ой, мысық үстіне не киіп алған? – Бұл қақпақ пен алжапқыш. Тарғыл мысық, Өте пысық! Ботқа пісіріп қойыпты, Міне қызық, Бірақ қасық Жоқ екен ғой мысықта. НЕГІЗГІ БӨЛІМ «Дастарқан жаямыз» дидактикалық ойыны. Сергіту сәті. «Маша ботқасын тауысты». Маша ботқасын тауысты! Былай, былай. (ботқаны жегендей кейіп танытады, бір орында адымдайды) Қосып қантты, араластырды! Былай, былай. (қант салып араластырғандай кейіп танытады, бір орында адымдайды) Ботқа дәмді болып шықты, қандай тамаша! (бір орында адымдау, алақанды оң жаққа және сол жаққа кезек-кезек шапалақтау)

	Жаттығуды екі рет қайталату. Артикуляциялық жаттығу. «Мысық». Ық-ық-ық, үлпілдек мысық, Ғау-ғау-ғау, әдемі марғау. Көркемсөз. Мысық, мысық, мысығым, Келші маған пысығым. Кіс-кіс-кіс, келе ғой, Аппақ сүттен іше ғой. Ойыныңды қоя тұр, Тауысып іш, тойып ал. «Мысық сүтті жалап қалай ішеді?» жаттығуы. ҚОРЫТЫНДЫ Педагог: – Балалар, біз дастарқанға нені қойдық? Біз ыдыс-аяқты қойдық. Жарайсыңдар! Кейіпкермен қоштасу. – Балалар, Тарғыл мысық сүт ішіп алды. Сендерге алғысын айтып жатыр. Тарғыл мысық: – Балалар, рақмет! Сау болыңдар. – Сау бол, Тарғыл мысық!
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверка
методист инст

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

ақпан 02.02-06.02

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	23. "Тұрмыстық техника" . Қауіпсіздік сақтау. Мақсаты: Тұрмыстық техниканың түрлері туралы, тұрмыстық техниканың мақсаты туралы білімді бекіту Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәті. Педагог: – Балалар, бізге қонаққа Дана қуыршақ келді. Дана маған таңғажайып затты көргенін айтты. Оның ұзын резеңке мұрны бар. Ол жолында кездескен күл-қоқысты жұтып, жеп қояды екен. Данаға көрген заты туралы білуге көмектесейік. Ол не деп ойлайсыңдар? – Мынау шаңсорғыш. Ол шаң мен қоқысты тазартуға көмектеседі. Шаңды жұта береді, Тап-таза қылып тереді. Резеңкеден мұрыны бар, Жіптей ұзын құйрығы бар. Балалар шаңсорғышты қарастырады. – Шаңсорғыштың бөліктерін атайық: шланг, ажыратқыш, шаң дорбасы. (Шаңсорғыштың қалай жұмыс істейтінін көрсетеді.) – Дана, сені қорқытқан зат - адамдардың көмекшісі. Шаңсорғыш уақытты үнемдеуге көмектесетін техника. Жұмбақ жасыру. Жаз кезінде әкеміз, Бір ақ жәшік әкелді.

Ол жәшікте аяз бар,
Қысы-жазы бітпейді.
Балық, жеміс, көгөніс,
Май, ірімшік, сақтайды.
Қысы-жазы тағамдар,
Балғындығын сақтайды.
— Ол не?
— Тоңазытқыш. Дұрыс айтасыңдар!

Жұмбақ жасыру.

Мұз үстінде сырғыған,
Шанаға ол ұқсайды.

Ал, мыжылған матадан,
Ештеңе де қалмайды.

Жазып, жайып, үтіктеп,
Ыстығымен басады.

Суды жұтып аз-аздан,
Бұрқылдатып шашады.

— Ол не?

— Үтік. Дұрыс айтасыңдар!

Жұмбақ жасыру.

Үлкен, қара жәшіктен,

Жаңалық, кино көрсеткен.

— Ол не?

— Теледидар. Дұрыс айтасыңдар!

Жұмбақ жасыру.

Кірлеп қалса киімің,

Мәшинеге саласың.

Өзі жуып береді,

Баса салсаң түймесін.

— Ол не?

— Кір жуу машинасы. Дұрыс айтасыңдар!

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Үшіншісі артық» дидактикалық ойыны.

Сым бойымен ток жүгіріп,

(бір орында жүгіру)

Жарық шашар үйлерге.

(екі қолдарын жоғары көтеріп, саусақтарының арасын ашады)

	Ток жүгір, жүгір, жүгір, (бір орында жүгіру) «Үйдегі көмекшілеріміз» дидактикалық ойыны. Артикуляциялық жаттығуы. Дар-дар-дар-дар, Үлкен, қара те- ле-ди-дар! Ік-ік-ік-ік, Абай бол! Ыстық үтік! Ғыш-ғыш-ғыш-ғыш, Көмекші шаң-сор-ғыш! ҚОРЫТЫНДЫ Педагог: — Балалар, бүгін не туралы сөйлестік? Бүгін үтік, шаңсорғыш, теледидар, кір жуу машинасы, тоңазытқыш туралы сөйлестік. Жарайсыңдар! Кейіпкермен қоштасу. — Балалар, Дана барлығын біліп алды. Енді ол тұрмыстық техникадан қорықпайды. Дана: — Балалар, рақмет! Сау болыңдар! Балалар: — Сау бол, Дана!
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверка
методист шк?

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы -2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

09.02-13.02

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	24. «Данаға арналған дастархан». Азық-түліктер. Мақсаты: «Азық-түлік» тақырыбына қатысты сөздерді қазақ тілінде айтуды үйрету. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәті. Дана қуыршақты көрсету. – Балалар, бізге қонаққа кім келді? Бізге қонаққа Дана қуыршақ келді. Дұрыс! – Қане, балалар, амандасайық. Сәлеметсіз бе! Жарайсыңдар!. Көркемсөз. Таңмен бірге тұрамын, Дүкен жаққа барамын. Дәмді шұжық таңдаймын, Кәмпит, сағыз алмаймын. НЕГІЗГІ БӨЛІМ «Азық-түлік дүкені» дидактикалық ойыны. Сергіту сәті. Қолымызды жуайық, жуайық, (алақандарын уқалайды) Тап-таза болайық, болайық.(алдына созып, көрсету) Бетімізді жуамыз, жуамыз, (беттерін уқалайды) Жылы судан тез ағыз. (беттерін уқалайды) «Дүкеннен не сатып алды?» жаттығуы. «Жаттамақ» жаттығуы. – Балалар, көгөністер мен жемістер де, әртүрлі тағамдар да өте пайдалы. (Көрсеткішпен көрсетеді.) Олар дәрумендерге

	өте бай. Дәрумендерді көбірек жесеңдер, мықты болып өсесіңдер. (Пантомима.) Қайталаймыз. Жарайсыңдар! – Кәмпиттен тістерің ауырады. (Пантомима.) Кәмпиттердің ішінде дәрумендер жоқ. ҚОРЫТЫНДЫ Педагог: – Балалар, бүгін дүкеннен не сатып алдық? Иә. Сүт, нан, шұжық. Жарайсыңдар! Кейіпкермен қоштасу. Дана: – Балалар, маған көмектескендеріңе рақмет! Біз азық-түліктерді, көгөністер мен жемістерді сатып алдық. Жарайсыңдар! Сау болыңдар. – Сау бол, Дана!
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист инд.

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы -2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

16.02-20.02

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнemoкестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	25. «Жыл құстары» Мақсаты: Көктемге тән белгілердің қазақ тіліндегі атауларын таныстыруды жалғастыру (қар ериді, ағын сулар ағады, құстар ұшып келеді, күн жиі жарқырайды). Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері. Қоршаған өмір әлемі, Не деген көркем, әдемі! Сол сұлулықты сақтайық, Мақтайық, мақтайық! Көркемсөз. Көктем келіп далама, Құлпырды айнала. Құстар қайтып Отанға, Ән салады қуана. Суретпен жұмыс. Жыл құстары бейнеленген суретті тақтаға ілу. Көктемде ағаштардың бұтағында отырған ұзақ құсы, аспанда қалықтап жүрген қос қарлығаш, балалар жасаған үйшіктің төбесіне қонып тұрған қараторғайдың суреті. НЕГІЗГІ БӨЛІМ «Жыл құстарын ажырат» дидактикалық ойыны. Мақсаты.

Ойлау қабілетін арттыру, құстарды ажыратуды үйрету және оларды қорғауға тәрбиелеу.

Ойынның барысы.

Жыл құстары мен қыстап қалатын құстарды ажыратуды ұсынады. Маркердің көмегімен қыстап қалатын құстардың қасына қардың суретін салады. Жыл құстарының қасына күннің суретін салады.

– Жыл құстары: ұзақ, қараторғай, қарлығаш, көкек, тырна.

– Қыстап қалатын құстар: қарға, сауысқан, суықторғай, көгершін, шымшық.

«Қай құс ұшып кетті?» дидактикалық ойыны.

Балалар көздерін жұмады, педагог фланелеграфтан кез келген құстың суретін алып тастайды. Балалар қай құстың ұшып кеткенін тауып айтады. Жыл құстарының суреттеріне қыстап қалатын құстардың суретін араластырып жапсырады.

– Айгүл (Жанар, Дана, Әділет) қай құс ұшып кетті?

– Торғай (ұзақ, қараторғай, қарлығаш) ұшып кетті.

– Жарайсыңдар!

Сергіту сәті. Сергіту сәтінің орнына «Ұяларыңа қоныңдар!» қимыл-қозғалыс ойынын ойнайды.

Балалар педагогпен бірге өлең жолдарын қайталап айтады, қимылдарын келтіреді, «Ұяларыңа қоныңдар!» сөзін естігеннен кейін, балалар орындарына жылдам жайғаса қалады. Педагог мойынға ілетін бейджердің ішіне құстардың суреттерін алдын ала салып, топтың бірнеше жеріне іліп қояды.

– Балалар, сендер де құс болғыларың келе ме? Ол үшін топтың ішінен менің мойнымда ілулі тұрған суреті бар бауларды тауып аламыз. Мойнығымызға тағып алып, шеңберге жинала қаламыз.

Құстар болып ұшамыз,

Қанаттарды қағамыз.

Осылай, осылай,

Осылай қанат қағамыз.

(Екі қолдарын екі жаққа жайып, ұшқандай кейіп танытып, шеңбер бойымен жүреді.)

Жем шоқимыз отырып,

Бөтегені толтырып.

Осылай, осылай,

Жем шоқимыз отырып.

(Тізе бүгіп отырады да, саусақтарының ұшымен жерді тырсылдатады)

Артикуляциялық жаттығу.

Ғай-ғай-ғай-ғай,

Бұтақта қараторғай.

Ақ-ақ-ақ-ақ,

Ұшып жүр ұзақ.

Ғаш-ғаш-ғаш-ғаш,

Сүйкімді құс - қарлығаш.

ҚОРТЫНДЫ

Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист шиг.

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы -2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

23.02-27.02

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	26. «Көрікті көктем». Көктем жыл мезгілі. Мақсаты: Тамшы сияқты құбылыстар жайында шағын өлең жолдарын қайталату Ұйымдастыру кезеңі «Көктем келді» атты суретті көрсету. Сурет: жап-жасыл шөп, сыңғырлап аққан бұлақ, бүр жарып келе жатқан ағаштардың фонында қолына себет толы бәйшешек гүлдері бар, әдемі киім киген Көктемнің бейнесі. Оның жан-жағында құстар ұшып жүр. - Балалар, бұл көктем мезгілі. Көктем. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! - Қане, балалар, Көктеммен амандасайық. Балалар:- Сәлеметсіз бе, Көктем! Жарайсыңдар! Көркемсөз. Сұлу көктем келіп жетті, Көшелерге, орманға. Ән салады құстармен, Шақырғандай далаға. Көктеммен ән салады, Сансыз бұлақ сыңғырлап. Ұшқан құсқа қуанып жүр, Кіші інім былдырлап. НЕГІЗГІ БӨЛІМ Сиқырлы сақинаның көмегімен суретті сипаттау.

Қалың картоннан немесе пластиктен жасалған сиқырлы сақина. Диаметрі - 12-15 см. Суретті қарастырғанда сақина белгілі бір заттың үстіне қойылып, біртіндеп басқа суреттерге ауысады.

- Көктем келді.
- Күннің көзі жарқырап тұр.
- Көктемде күн жылынады.
- Қар еріп, ағын су мен бұлақтар пайда болады.
- Тырс-тырс-тырс етіп, тамшылар тамады.
- Құстар қайтып келді.
- Көктем келді! Көктем келді! Құстар көктемнің келгенін хабарлайды.

«Көктем келді» суреті бойынша әңгімелесу.

Педагог:- Балалар, бұл жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілі. Маржан (Нұргүл, Берік, Руслан), қайталашы. Жарайсың!

- Фархат, жарқырап тұрған не?
- Күн жарқырап тұр. Дархан, көрсетші. Күн қайда? Айтыңдаршы. Жарайсыңдар!
- Балалар, көктемде суық па? Жоқ. Көктемде күн жылынады.
- Қар не істейді? Қар ериді.
- Қанат (Нұрлан, Эльмира), қайталашы. Жарайсың!
- Тамшылар қалай тамшылайды? Дұрыс. Тырс-тырс-тырс.
- Жарайсыңдар! Көрсетейікші. (Пантомима.) Жарайсыңдар!
- Балалар, нелер ұшып келді? Иә. Құстар ұшып келді.
- Қайталаймыз. Рауан, не ұшып келді? Көрсетші. Жарайсың!
- Құстар қалай сайрайды? «Көктем келді! Көктем келді!»

Сергіту сәті. «Алақай! Алақай! Көктем келді!»

Алақай! Алақай!

Көктем келді, балақай! (оңға және солға иіліп қол шапалақтайды)

Тамшы әнін салады, (бір қолдың сұқ саусағымен екінші қолдың алақанының ортасын соғу)

Тырс-тырс етіп тамады. (оңға және солға иіліп қол шапалақтайды)

Алақай! Алақай!

Бұлақтан секір, балақай! (қолдары белде, аяқтары бірге)

Секіреміз оп-оңай, (секіруге дайындалады)

Мінекей, былай, былай! (бір орнында екі аяқпен секіру)

Хоп-хоп! Хоп-хоп! (бір орында екі аяқпен секіру)

Қарындаштар мен қағазды қолдану арқылы орындалатын «Тамшылар тамады» жаттығуы.

Баттастырылып сызылған екі перпендикуляр түзу сызық арқылы төрт тең бөлікке (ұяшыққа) бөлінген қағаз парақтары.

Шеңберлер екі ұяшыққа салынады (күннің және өңтаңбаның (смайлик) аяқталмаған суреттері), ұяшықтардың бірінде бір немесе екі үзік сызықтар, «тамшылар», төртеуінің біреуінде жоғарғы бөлігінде бір көлденең толқынды сызық бар.

Педагог:- Балалар, біз көктем туралы суреттер саламыз. Көктемге ән айтып береміз.

Мұқият тыңдаймыз. Зейін қойып қараймыз.

	Тырс-тырс, тырс-тырс. (жіңішке қысқа үзік сызықтар салу) Жиналды көп сулар, Тырс-тырс, тырс-тырс. Тез ағады бұлақтар. (толқынды параллель сызықтар салыңыз) Күн сәулесі, жарқыра, жарқыра. Жоғарыда, аспанда, аспанда. (шеңбер бойына сәулелер салу) Бізбен бірге ойнауға, ойнауға. Шықшы далаға, Шықшы далаға. ҚОРЫТЫНДЫ
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверка
методист инд?

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

Жоспардың құрылу кезеңі : 02.03-06.03

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнemoкестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	27. Наурызым, армысың! Мақсаты: «Наурыз мейрамы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді. Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері. Күн күлімдеп нұр төкті, бізге жолдап сәлем! Жақсы сөздер нұр септі, бізге жолдап сәлем! Еске сақтап кеңесті, достарға сыйла сәлем! Кел, қосылып айтайық бір-бірімізге сәлем! Әңгімелесу. Педагог:– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілі. – Дұрыс. – Оны қайдан білдіңдер? Күн жылынды, қар еріді. – Жарайсыңдар! – Табиғатта тағы қандай өзгерістерді байқадыңдар? – Жылы жақтан құстар ұшып келді, ағаштар бүршік атты. – Көктем мезгілінде қандай мерекелер болады? Аналар мерекесі, Наурыз мерекесі. – Жарайсыңдар! – Наурыз мерекесі туралы не білеміз? – Наурыз мейрамында адамдар бір-біріне жылы тілектер айтады.

– Наурыз мейрамында халық не істейді?
 – Халық дастарқан жайып, бір-бірін қонаққа шақырады.
 – Дастарқанға не қояды?
 – Дастарқанға наурызкөже пісіріп қояды. Бауырсақ пен шелпек, құрт, талқан қояды.
 – Жарайсыңдар, балалар! Қазір ауылдағы Еркежан әжеге қонаққа барайық. Әжені мерекемен құттықтайық. Ауылға атқа мініп барайық.(Ойыншық атқа орындықтардан арба жасап қояды. «Тұлпарым» әні қосылады. Педагог балалармен бірге әуенге ілесіп, бір шумағы мен қайырмасын айтады.)
 Ауылға келеді.
 – Балалар, әжемізбен амандасайық.
 Балалар:– Сәлеметсіз бе!
 Әже:– Сәлеметсіңдер ме, балалар!
 Әже Наурыз мейрамында қандай тағамдар дайындағанын және дастарқанды қалай әзірлейтіні жайлы айтады.
 Еркежан әже:– Мен қонақтарға арнап ет пен қазы, шұжық асып қойдым. Дастарқанға май, қаймақ, құрт, бауырсақ, жент, қатық қойдым. Ал, Наурызкөжені сендер келгенде бірге дайындайық деп күттім. Маған көмектесесіңдер ме, балалар?
 – Иә.
 – Наурызкөжеге не салу керектігін білгілерің келе ме?
 – Иә.
 – Менің жұмбақтарымды шешсеңдер, не салу керектігін білетін боласыңдар.
 Жұмбақ жасыру.
 Өзі ащы,
 Бірақ,
 Дәмді етер асты. (Тұз.)
 Сылдыр сұйық, ағады,
 Ақ болса да қар емес,
 Шешуін кім табады? (Сүт.)
 Шиге жайып кептірген,
 Өзі қышқыл, түсі ақ,
 Сорсаң дәмді, түсі ақ,
 Жаңғақтай - ақ домалақ. (Құрт.)
 Аспан түстес сұйық,
 Әркім ішер құйып. (Су.)
 Жесең тісіңе кіреді,
 Жемесең түсіңе кіреді.
 Өзін жейсің, сорпасын ішесің. (Ет.)
 – Жарайсыңдар! Міне, балалар, көжеміз де дайын болды. Наурызкөжені жақсы тілектер айтып, асықпай ішу керек.
 НЕГІЗГІ БӨЛІМ
 Көркемсөз.

	Тілек. Сендерсіңдер тірегім, Адал соққан жүрегім. Тату-тәтті өсіңдер, Осы менің тілегім! Балалармен бірнеше рет қайталап айту. Жаңылтпаш айту. Мақсаты.Қазақ тіліне тән дыбыстарды сөз ішінде дұрыс дыбыстап айтуға жаттықтыру.\ Су ішпей, ет жедім, Сүт ішпей, ет жедім. Су ішпей, сүт ішпей, Көп етті жемедім. Қымыз бар үйде, Жоқ бірақ бар үйде. Бар болса жылқысы, Болушы еді бар үйде. Балаларға бірнеше рет қайталату, әуелі баяу, кейін тездетіп жаңылмай айтуды үйрету. Сергіту сәті. Сергіту сәтінің орнына қазақ халқының «Қаражорға» биін билету.Балалар педагогпен бірге әннің бір шумағы мен қайырмасына билейді. «Тақия тастамақ» қазақ халқының ұлттық ойыны. Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог жүргізуші баланы сайлайды. Оған ойынды бастауға көмектеседі. Балалардың барлығы жүргізушімен бірге ойын сөздерін қайталап айтады, ал жүргізуші шеңбер сыртын айнала жүріп, бір баланың басына тақияны байқатпай кигізе салып қаша жөнеледі, бір айналып келіп, тақия кімнің қолында болса, сол баланың орнына отыра қалуға тырысады. Үлгермесе педагогтің берген тапсырмасын орындайды. Ойын сөздері:Бір ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ! Педагогтің тапсырмасы (артикуляциялық жаттығу): 1. Сиыр қалай мөңіреді? Мө-мө-мө-мө ... 2. Жылқы қалай кісінейді? И-ho-ho ... 3. Қойлар қалай маңырайды? Бә-ә-бә-ә ... 4. Ешкі қалай мекіренеді? Ме-е-ме-е ... 5. Әтеш қалай шақырады? Ку-ка-ре-куу ... Педагог балаларға ойынды 4-5 рет ойнатады, кейін қайта ойнайтындарын айтады. ҚОРЫТЫНДЫ
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.

Әдістемелік материалдармен жұмыс	
-------------------------------------	--

Проверка
методист инд.

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

10.03-13.03

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	27. Наурызым, армысың! Мақсаты: «Наурыз мейрамы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді үйрету. Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері. Күн күлімдеп нұр төкті, бізге жолдап сәлем! Жақсы сөздер нұр септі, бізге жолдап сәлем! Еске сақтап кеңесті, достарға сыйла сәлем! Кел, қосылып айтайық бір-бірімізге сәлем! Өңгімелесу. Педагог:– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілі. – Дұрыс. – Оны қайдан білдіңдер? Күн жылынды, қар еріді. – Жарайсыңдар! – Табиғатта тағы қандай өзгерістерді байқадыңдар? – Жылы жақтан құстар ұшып келді, ағаштар бүршік атты. – Көктем мезгілінде қандай мерекелер болады? Аналар мерекесі, Наурыз мерекесі. – Жарайсыңдар! – Наурыз мерекесі туралы не білеміз? – Наурыз мейрамында адамдар бір-біріне жылы тілектер айтады. – Наурыз мейрамында халық не істейді?

– Халық дастарқан жайып, бір-бірін қонаққа шақырады.
 – Дастарқанға не қояды?
 – Дастарқанға наурызкөже пісіріп қояды. Бауырсақ пен шелпек, құрт, талқан қояды.
 – Жарайсыңдар, балалар! Қазір ауылдағы Еркежан әжеге қонаққа барайық. Әжені мерекемен құттықтайық. Ауылға атқа мініп барайық.(Ойыншық атқа орындықтардан арба жасап қояды. «Тұлпарым» әні қосылады. Педагог балалармен бірге әуенге ілесіп, бір шумағы мен қайырмасын айтады.)
 Ауылға келеді.
 – Балалар, әжемізбен амандасайық.
 Балалар:– Сәлеметсіз бе!
 Әже:– Сәлеметсіңдер ме, балалар!
 Әже Наурыз мейрамында қандай тағамдар дайындағанын және дастарқанды қалай әзірлейтіні жайлы айтады.
 Еркежан әже:– Мен қонақтарға арнап ет пен қазы, шұжық асып қойдым. Дастарқанға май, қаймақ, құрт, бауырсақ, жент, қатық қойдым. Ал, Наурызкөжені сендер келгенде бірге дайындайық деп күттім. Маған көмектесесіңдер ме, балалар?
 – Иә.
 – Наурызкөжеге не салу керектігін білгілерің келе ме?
 – Иә.
 – Менің жұмбақтарымды шешсеңдер, не салу керектігін білетін боласыңдар.
 Жұмбақ жасыру.
 Өзі ащы,
 Бірақ,
 Дәмді етер асты. (Тұз.)
 Сылдыр сұйық, ағады,
 Ақ болса да қар емес,
 Шешуін кім табады? (Сүт.)
 Шиге жайып кептірген,
 Өзі қышқыл, түсі ақ,
 Сорсаң дәмді, түсі ақ,
 Жаңғақтай - ақ домалақ. (Құрт.)
 Аспан түстес сұйық,
 Өркім ішер құйып. (Су.)
 Жесең тісіңе кіреді,
 Жемесең түсіңе кіреді.
 Өзін жейсің, сорпасын ішесің. (Ет.)
 – Жарайсыңдар! Міне, балалар, көжеміз де дайын болды. Наурызкөжені жақсы тілектер айтып, асықпай ішу керек.
НЕГІЗГІ БӨЛІМ
 Көркемсөз.
 Тілек.

	Сендерсіңдер тірегім, Адал соққан жүрегім. Тату-тәтті өсіңдер, Осы менің тілегім! Балалармен бірнеше рет қайталап айту. Жаңылтпаш айту. Мақсаты.Қазақ тіліне тән дыбыстарды сөз ішінде дұрыс дыбыстап айтуға жаттықтыру.\ Су ішпей, ет жедім, Сүт ішпей, ет жедім. Су ішпей, сүт ішпей, Көп етті жемедім. Қымыз бар үйде, Жоқ бірақ бар үйде. Бар болса жылқысы, Болушы еді бар үйде. Балаларға бірнеше рет қайталату, әуелі баяу, кейін тездетіп жаңылмай айтуды үйрету. Сергіту сәті. Сергіту сәтінің орнына қазақ халқының «Қаражорға» биін билету.Балалар педагогпен бірге әннің бір шумағы мен қайырмасына билейді. «Тақия тастамақ» қазақ халқының ұлттық ойыны. Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог жүргізуші баланы сайлайды. Оған ойынды бастауға көмектеседі. Балалардың барлығы жүргізушімен бірге ойын сөздерін қайталап айтады, ал жүргізуші шеңбер сыртын айнала жүріп, бір баланың басына тақияны байқатпай кигізе салып қаша жөнеледі, бір айналып келіп, тақия кімнің қолында болса, сол баланың орнына отыра қалуға тырысады. Үлгермесе педагогтің берген тапсырмасын орындайды. Ойын сөздері:Бір ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ! Педагогтің тапсырмасы (артикуляциялық жаттығу): 1. Сиыр қалай мөңіреді? Мө-мө-мө-мө ... 2. Жылқы қалай кісінейді? И-ho-ho ... 3. Қойлар қалай маңырайды? Бә-ә-бә-ә ... 4. Ешкі қалай мекіренеді? Ме-е-ме-е ... 5. Әтеш қалай шақырады? Ку-ка-ре-куу ... Педагог балаларға ойынды 4-5 рет ойнатады, кейін қайта ойнайтындарын айтады. ҚОРЫТЫНДЫ
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.

Әдістемелік материалдармен жұмыс	
-------------------------------------	--

Проверка
методист инст

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы -2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

16.03-20.03

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	28. «Бұл менің отбасым». Отбасы мүшелері. Мақсаты: «Отбасы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдау Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәт. Қонаққа Алан келеді. - Балалар, бізге қонаққа Алан келді. - Алан сендермен амандасып тұр. Алан:- Сәлеметсіңдер ме, балалар! - Біз де Аланмен амандасайық. Балалар:- Сәлеметсің бе, Алан! - Жарайсыңдар! - Алан бірдеңе айтқысы келеді екен. Көркемсөз. Отбасым менің байлығым, Жақсы көремін барлығын. Атам мен апам - Ай-Күнім, Әкем - батыр, айбыным. Анам - сұлу жан менің, Әпкем нағыз ханшайым! Мен ақылды боламын,

Әкемдей батыр боламын!(Автор: Тусипжанова - Шагирова А. Т.)

- Балалар, естiдiңдер ме? Өлең жолдарында не туралы айтылған?

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Отбасы портретімен танысу» ауызша жаттығу.

Отбасының фотосуретін көрсету.

- Балалар, Алан сендерді отбасымен таныстырғысы келеді. Мұқият тыңдаңдар.

Көрсеткішті немесе сиқырлы сақинаны пайдалану.

- Бұл атам. Қайталаймыз. Бұл кім? Дұрыс. Қайталаймыз. Жарайсыңдар!

- Атам кітап оқып отыр. Қайталаймыз. Жарайсыңдар!

- Бұл әжем. Қайталаймыз. Бұл кім? Дұрыс. Қайталаймыз. Жарайсыңдар!

- Әже шұлық тоқиды. Қайталаймыз. Жарайсыңдар!

- Бұл әкем. Қайталаймыз. Бұл кім? Дұрыс. Қайталаймыз. Жарайсыңдар!

- Әкем көлік айдайды. Қайталаймыз. Жарайсыңдар!

- Бұл анам. Қайталаймыз. Бұл кім? Дұрыс. Қайталаймыз. Жарайсыңдар!

- Анам кешкі ас дайындап жатыр. Қайталаймыз. Жарайсыңдар!

- Бұл Алан. Қайталаймыз. Бұл кім? Дұрыс. Қайталаймыз. Жарайсыңдар!

Алан доппен ойнайды.

- Бұл Дана.

Дана қуыршақпен ойнайды.

- Балалар, атасы, әжесі, әкесі, анасы, балалары, бұл адамдардың барлығын бір сөзбен - отбасы деп айтамыз. (Көрсеткіш қолданылады.) Қане, балалар, барлығымыз айтып көрейікші. Бұл отбасы.

- Жарайсыңдар!

Ескерту.

Топтағы балалардың дайындығы мен деңгейі жүктемеге сәйкес келмесе, онда отбасы мүшелерінің аты-жөні жазылған материалдарды пайдалануға болады.

«Шежіре ағашы» дидактикалық ойыны.

«Менің отбасым» тақырыбындағы суретті диктант.

«Саусақтар» әнін айту.

- Әке саусақ, әке саусақ, қайдасың?

- Жұмыстан келдім мен мұндамын.

- Ана саусақ, ана саусақ, қайдасың?

- Дүкеннен келдім мен мұндамын.

- Әпке саусақ, әпкетайым, қайдасың?

- Мектептен келдім мен, мұндамын.

- Аға саусақ, ағатайым, қайдасың?

- Жүзуден келдім мен мұндамын.

- Бөбек саусақ, бөпетайым, қайдасың?

	- Ұйқыдан тұрдым мен мұндамын. ҚОРЫТЫНДЫ
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

26.03-27.03

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнemoкестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	29. «Ғарышкер деген кім?» Мақсаты: Қазақ тілінде ғарыш, жұлдыздар, ғарышкерлер, Күн жүйесі планеталарының атаулары туралы алғашқы білімдерін қалыптастыру. Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері. Балаларды шеңбер бойымен тұрғызу, Е. Өтетілеуұлының өлеңін оқу. Білер қазақ баласы, Сәлем – сөздің анасы. Алдымыздан кезіккен Көп танысты көреміз. Бәріне де ізетпен Біздер сәлем береміз. Педагог:– Балалар, бізге қонаққа Дана қуыршақ келді. Дана:– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Біз де қонақпен амандасайық. Балалар:– Сәлеметсің бе, Дана! – Дана ғарышкер болғысы келеді. Бірақ, достары оған қыздар ғарышкер болмайтынын айтыпты. Осы мамандық туралы білгісі келеді екен. Данаға көмектесеміз бе? – Иә! Суреттерді көрсетеді.

Әңгімелеу.Педагог:– Бізді үлкен әлем қоршап тұр. Біз Жер ғаламшарларында тұрамыз. Біздің Жер сияқты әлемде көп ғаламшарлар бар. Әлем – үлкен жарылыс кезінде пайда болған дейді. Бастапқыда қатты ыстық болған, содан кейін қатты суыған. Жер ғаламшары айналып тұрады. Осы аспан әлемін зерттеп білу үшін оған ғарышкерлер ұшып барады. Ол қиындығы да, қызығы да көп мамандық.

Сөздік жұмысы.

– Ғарышқа жіберілетін адамды - ғарышкер деп айтады.

– Ғарышта бәрі қалқып жүреді. Бұл құбылысты - салмақсыздық деп айтады екен. Ол туралы өсе келе білетін боласыңдар.

Ұшу және қону ғарышқа барудың ең қауіпті сәттері болып табылады.

– Бұл мамандық қандай ауыр болса да, әйел адамдардың немесе ер адамдардың мамандығы деп бөлінбейді. 1963 жылы 16 маусымда ғарышқа орыс халқының Валентина Терешкова деген қызы ұшқан екен.– Біздің аспанымыз көптеген жұлдыздарға толы. Олар кішкентай жарқыраған нүктелерге ұқсайды және Жерден алыс орналасқан. Шын мәнінде, ғарыштағы жұлдыздар өте үлкен. Балалар, бізге аспандағы жұлдыздарды көруге телескоп деген құрал көмектеседі. Ал, ғаламдағы үлкен жұлдыз не екенін білесіңдер ме?

– Жоқ. Онда бір жұмбақ шешіп көрейік.

Жұмбақ жасырады.

Бүкіл әлемді жылытады,
Шаршамай жұмысын жалғастырады.
Тереземізден күлімдеп қарайды,
Барлығы оны не деп атайды? –Күн!

– Жарайсыңдар. Ең үлкен жұлдыз - Күн. Ол өте үлкен және бәрімізді жылытады. Күн болмаса, жер бетінде тіршілік болмас еді. Біздің планетада болып жатқанның бәрі Күнмен байланысты: күн мен түннің өзгеруі, қыстың немесе жаздың басталуы. Күндіз күн біздің планетамызды жылытып, жер бетіне жарығын таратады. Барлық тіршілік иелері күн сәулесіне жылынады. Күн шыққанда табиғат оянады, тіршілік жанданады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Педагог:– Балалар, бүгін Тұманбай Молдағалиев атамыздың «Ұшқыш болам» өлеңімен танысатын боламыз.

Көркемсөз.

Көкке ұшамын –
Ұшқыш болар баламын.
Соңына ерем.
Ер ғарышкер ағаның.
Батыр болам –
Көк аспанды сүйемін.
Жұлдыздарға
Барып-келіп жүремін.
Сұрақ-жауап арқылы балалармен әңгімелесу.

– Өлеңде не туралы айтылған?Балалар, өлеңдегі бала біздің Дана сияқты кім болуды армандайды екен? Қазақ халқының ең алғашқы ғарышкері - Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров аталарыңның суретін тамашалайық.Тоқтар Оңғарбайұлы

	Әубәкіров - ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы. Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан “Союз ТМ-13” кемесімен ғарышқа ұшып, 10 қазанда Жерге қайтып қонған. «Біз ғарышкер боламыз!» сергіту сәті. Қане, қатарға тұрайық,(бір орында адымдап жүру) Ғарышқа аттанайық.(екі қолдарын жоғары көтеріп, саусақтың ұштарын түйістіру) Ғарышқа жету үшін,(сұқ саусақтарын алға және артқа қозғалту) Көп болу керек күшің!(екі қолдарын иықтың деңгейіне көтеру, қолдарының күштерін көрсету) Дайындалып, жаттығайық,(қолдары кеуденің бойында, екі қолды қайшылау) Оңға және солға бұрылайық.(оңға және солға иілу) Отырамыз, тұрамыз,(отыру, тұру) Біз ғарышкер боламыз!(екі қолды түсіру, тік тұра қалу) (Автор: Тусипжанова - Шагирова А. Т.)Балалармен бірге тақпақтың сөздері мен қимылдарын үйлестіріп орындау. «Сықырлы пішіндер» дидактикалық ойыны. Мақсаты.Өртүрлі таныс пішіндерден ғарышқа байланысты заттар жасау (Күн, Ай, Зымыран және тағы басқа) Не жасағанын, қандай пішіндерді қолданғанын, түстер қандай екенін айтып беру. Мысалы: – Мен зымыран жасадым. Зымыранды жасағанда шаршы, үшбұрыш, дөңгелек пішіндерді алдым. Шаршылардың түсі - көк, үшбұрыштардың түсі - қызыл, ал дөңгелектің түсі - сары. «Көлеңкесін тап» дидактикалық ойыны. ҚОРЫТЫНДЫ
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист инд.

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы -2026 оқу жылы

Топ: Почемучки,

30.03-03.04

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	30. «Жайылымда нелер жайылып жүр?». Үй жануарлары мен үй құстары. Мақсаты: Үй жануарлары мен құстардың аттарын жатқа білуді Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәт. Балапанның суретін көрсету. - Балалар, бізге қонаққа Балапан келді. - Балалар, бұл Балапан ауылда өмір сүреді. Балапан шалғынға шығып қыдырады. - Қане, балалар, ол жақта тағы нелер серуендеп жүргенін көрейік. Аудиожазба тыңдау. Сиыр, жылқы, қой, ешкінің дауыстары шығады. НЕГІЗГІ БӨЛІМ «Дауысын танысаң, не екенін айт!» сөздік жаттығуы. Үй жануарларының (сиыр, жылқы, қой, ешкі) төрт суреті шашыраңқы түрде ілінеді. - Балалар, бұл дауыстарды танып тұрсыңдар ма? - Бірінші болып ... дауысы шықты. Дариға, сол суретті алып келші. Дұрыс! Сиыр. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! - Екінші болып ... дауыстады. Иә. Мынау ешкі. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! - Үшінші дауыс ... ның дауысы. Мынау жылқы. Қайталаймыз. - Төртінші дауыс ... дың дауысы. Мынау қой. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! Көркемсөз. - Мө-мө-мө, - деп сиырым Сүт толтырды ыдысқа. (Сиырдың суретін көрсету.)

	- И-һо-һо, - деп алыстан Жылқым кісіней бастады. (Жылқының суретін көрсету.) - Ме-ме-ме, - деп ешкім де Сүтін берді ішуге. (Ешкінің суретін көрсету.) - Мә-мә-мә, - деп ән салып Қойларым тұр ойланып, (Қойдың суретін көрсету.) - Не береді қой бізге? Ойлап көрейік біз де! Көркемсөзді қайталау. Сергіту сәті. «Шалғынға шықты балалар». Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуен қосылады. Шалғынға шықты балалар, (бір орында адымдап жүру немесе колонна бойынша бірінің артынан бірі жүру) Жасыл желек айнала. Жылқылардай шапқылар, (бір орында тұрып жүгіру) Тоқтай алмай жарыса. Шалғынға шықты балалар, (бір орында адымдап жүру немесе колонна бойынша бірінің артынан бірі жүру) Жасыл желек айнала. Жылқылардай шапқылар, (бір орында тұрып жүгіру) Тоқтай алмай жарыса. Шаршадық біз соншалық, (отыру, аяқты алдыға қарай созу) Жүгіруді доғардық. Шалғынға кеп демалып, (аяқтарын тізеден өкшелеріне дейін және қарама-қарсы бағытта сипалау) Қайтадан күш жинадық. Суреттер көрсету. Тауық, үйрек пен қаздың суреттерін кезекпен көрсетеді - Балалар, мынау тауық. Ал, мынау үйрек. Мынау қаз. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! Бұл құстардың барлығын бір сөзбен - үй құстары деп айтамыз. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! - Оларды еркелетіп те атап жатады. Тыңдап көрейікші. Бұл құс та ауылда, адамдардың қасында өмір сүреді. Тақпақ-мазақтама. «Көшеде». Шарбақ бойындағы жалғызаяқ жолда қатармен келе жатқан үйрек, қаз, тауықтың сюжеттік суреті (мультипликациялық бейнесі) Мекендепті бір жерде, Тауық, қаз бен бір үйрек. Тауық, қаз бен бір үйрек, Мекендепті көшеде. ҚОРЫТЫНДЫ
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.

Проверка
методист инд!

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

06.04-10.04

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	31. «Ақ қайың». Ағаштың құрылымы. Мақсаты: Қазақ тіліндегі сөйлеуді қабылдауды, қайың туралы сұрақтарға жауап беруді үйрету Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәт. - Балалар, бүгін бізге қонаққа Дана қуыршақ келді. Дана сендермен бірге суретті тамашалағысы келеді. Суретті көрсету - Балалар, мынау не? Ойыншық па? Гүл ме? - Мынау гүл де емес, ойыншық та емес. Мынау ағаш. Қайталайықшы. Салтанат, қайталай ғой. Жарайсың! НЕГІЗГІ БӨЛІМ Суретті көрсету. - Бұл ағашты қайың деп атайды. Міне, осы. (қайыңды нұсқау) Қайталаймыз. Мынау қайың. Жарайсыңдар! - Балалар, қайыңды еркелетіп ақ қайың, бұйра қайың деп атайды. Қайталаймыз. Рахымжан (Әсел, Айман), қайталашы. Жарайсың! Көркемсөз. Ақ қайың-ау, ақ қайың, Жылтыр сырға, пәк қайың. Бүршік жарып талдарың, Боялды жапырақтарың. Жасыл жапырақ астына, Жасырынған ақ көйлек.

	Жолдарды қайталау және жаттау. Екі жолда оқып, жаттатуға болады. Барлығы уақыттың жеткіліктілігі мен балалардың дайындық деңгейіне байланысты. Сергіту сәті. «Ақ қайың». Орташа темптегі қарапайым әуен қосылады. Ақ айың-ау, ақ қайың, (екі қол белде, оң және сол аяққа салмақ сала отырып денені оңға және солға теңселту) Жылтыр сырға, пәк қайың. (қолдарын алдыға созып айналдыру, "шамдар" жасау) Бүршік жарып талдарың, (алақан соғу) Боялды жапырақтарың. (қолдарын жоғары көтеру, оңға және солға сермеу) Жасыл жапырақ астына, (қолдары белде, өкшелерін кезек-кезек алға қарай шығарып топылдату) Жасырынған ақ көйлек. (қолдары белде, алға қарай өкшелерін кезек-кезек шығарып топылдату) Жаттығу екі рет қайталанады. Суретті қарастыру. «Жасырынған жерін тап» дамыту жаттығуы. ҚОРЫТЫНДЫ
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист инд!

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы -2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

13.04-17.04

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	32. Бұл менің Отаным. Қазақстан. Мақсаты: Қазақстан туралы қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді үйрету. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәт. - Балалар, бүгін бізге қонаққа Алан келді. Алан сендермен амандасып тұр. Алан: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар: - Сәлеметсің бе, Алан! - Алан сендерге көп нәрсе айтпақшы, өз білгенін бөліскісі келеді. Тыңдайық. Көркемсөз. Болса да қаншама ел әлемде, Қазақстаным өзіңе тең келер ме! Қазақстан - елім, жерім, отбасым, Қазақстан - далам, шөлім, тау-тасым! Қазақстан - ұлт достығы мекені, Жайнасыншы шыңға шығып ертеңі! (Автор: Тусипжанова - Шагирова А. Т.) - Балалар, бұл өлең жолдарынан қандай сөзді көп естідік? Қазақстан. Дұрыс НЕГІЗГІ БӨЛІМ - Балалар, бүгін Қазақстан туралы сөйлесеміз. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының аудиожазбасын тыңдау. - Қандай әуен ойнағанын кім біледі? Дұрыс, біз Қазақстанның Әнұранын тыңдадық. Қай жерде үлкен мереке, салтанатты

	жиын өткізілсе, сол жерде Қазақстанның Әнұраны шырқалады. Қазақстанның мемлекеттік рәміздерімен таныстыру. «ҚР Мемлекеттік рәміздері» бейнеролигін көрсету. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. – Балалар, бұл Қазақстанның Елтаңбасының суреті. (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы). Қайталаймыз. Елтаңбада үлкен күн бейнеленген. Жарайсыңдар! Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы. - Балалар, бұл Қазақстанның Туының суреті. (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы.) Қайталаймыз. Біздің туымыз көк түсті. Қайталаймыз. Тудың ортасында үлкен күн бар. Жарайсыңдар! Қазақстан туралы бейнеролик (слайд) көрсету. Сергіту сәті. «Отан деген не екен?» «Отан» сөзін мен қалай ұғынамын? (алақандарын жоғары көтеру) Көк аспаным, арайлап атқан таңым. (аяқтарының ұшына тұрады, қолдарын жоғары созады) «Отан» сөзін қалай ұғынамын? (алақандарын жоғары көтеру) Алтын астық, бидай менен ыстық наның. (қолдарын екі жаққа ашу, денесін оңға және солға теңселту) «Отан» сөзі оттай ыстық, туған жерім, (алақандарын екі жаққа ашу, өздерінің иықтарын құшақтау) Біз тұратын қала, ауыл - құтты мекенім! (алақандарын жоғары көтеру) «Отан» біздің отбасымыз қымбатты, (алақандарын жоғары көтеру, үлкен шеңбер жасау, қайта түсіру) Отанында тұрған адам бақытты! (қасында тұрған баламен қол ұстасып айналу) «Отан деген не екен?» жаттығуы. ҚОРЫТЫНДЫ
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист инд!

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы -2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

20.04-24.04

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	33. "Отаным - бақыт мекенім!". Жеңіс күні. Мақсаты: Қазақ тілінде отан туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді үйрету Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәт. Есік қағылады. Дана қуыршақ келеді. Педагог: - Балалар, бізге қонаққа Дана қуыршақ келді. Ол бізбен амандасып тұр. Дана: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Біз де Данамен амандасайық, балалар: Балалар: - Сәлеметсің бе, Дана! - Балалар, Дананның қолында кітапшасы бар. Оның кітапшасында «Отан» туралы өлең жолдары бар. Қазір Дана сендерге оқып береді. Көркемсөз. «Отан» сөзін мен қалай ұғынамын? Көк аспаным, арайлап атқан таңым. «Отан» сөзін мен қалай ұғынамын? Алтын астық, бидай менен ыстық наның. «Отан» сөзі оттай ыстық, туған жерім, Біз тұратын қала, ауыл - құт мекенім!

	«Отан» біздің отбасымыз қымбатты, Отанында тұрған адам бақытты! - Балалар, бұл өлең жолдары бізге таныс! Ал, Дананың бүгін осы өлеңді алып келгені тегін емес. Жеңіс күні жақындап қалды. Мереке жайында Данамен бірге біліп алайық. НЕГІЗГІ БӨЛІМ «Ұлы Отан соғысы» тақырыбында слайд материалдарын көрсету. Әңгімелеу. - Балалар, осыдан көп жыл бұрын елімізге үлкен қауіп төнді. Елімізге жау басып кіріп, соғыс бастады. Міне, сол кезде біздің аталарымыз бен әжелеріміз қолдарына қару алып, Отанымызды қорғап қалу үшін майданға аттанды. Соғыс 4 жыл жалғасты. Барлық адамдар көп қиындықтар көрді, бірақ Отандарын шексіз сүйген халық күштерін жинап, жауды жеңіп шықты. Сол соғыстан көп аталарымыз қайтып оралған жоқ. Олар Отан үшін жандарын беріп, өмірлерін құрбан етті. Қазір біз ашық аспан астында тыныш өмір сүріп жатқанымыз сол ардақты адамдардың Ұлы Жеңісінің арқасында. Биыл Ұлы Отан соғысының жеңісіне ... (бос орынға жыл сайын санды ауыстырып қойып айтамыз) жыл толды . Осы майданға қатысқан ата-апаларымыз нағыз майдангер батырлар. Сөздік жұмыс. «Сурет бойынша сұрақ-жауаптар» ойыны - Балалар суретте кімдер бейнеленген? Иә. Сарбаздар, жауынгерлер (солдат). Қайталаймыз. Жарайсыңдар! - Бұл суретте олар не істеп жүр? Дұрыс. Бұл адамдар Отандарын қорғап жүр. Отан қорғаушылар деп айтайық. Жарайсыңдар! - Бұл адамдардың барлығын майдангер батырлар деп айтуға бола ма? Иә. Иә, олар соғысқа қатысқан майдангерлер. Жаудан қорықпайтын батырлар. Айым (Қайырбек, Ботагөз), майдангер батырлар деген сөздерді қайталашы. Жарайсың! Сергіту сәті. «Соқ дауылпаз!» «Соқ дауылпаз!» әнінің сөздеріне сәйкес қимылды келтіріп орындау. Соқ дауылпаз! Соқ! Соқ! Соқ! Соқ дауылпаз! Бір! Екі! Үш! Соқ дауылпаз! Соқ! Соқ! Соқ! Соқ дауылпаз! Бізде қайрат-күш! «Соғыстан оралу қуанышы» бейнеролигін көрсету. «Еліміздің қаһармандарымен танысайық» ақпараттық мәлімет ҚОРЫТЫНДЫ
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверка
методист инд!

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы -2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

27.04-30.04

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	34. «Жердің көркі - гүл». Гүлдер әлемінде. Мақсаты: Қазақ тілінде гүлдер туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді үйрету. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәт. Қонаққа Гүл ханшайымы келеді. - Балалар, бізге Гүл ханшайымы келді. Ол бізбен амандасып жатыр. Гүл ханшайымы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар:- Сәлеметсіз бе! - Балалар, Гүл ханшайымы бізге сиқырлы қоңырауын алып келіпті. Бұл қоңырауды сыңғырлатсақ, табиғат қысқы ұйқысынан ояна бастайды екен. Қане, балалар, сыңғырлатып көрейікші. Ең бірінші болып, табиғатта қандай гүл оянады екен?Қоңыраудың сыңғыры естіледі. - Ең бірінші, балалар, қардың астынан бәйшешек гүлі ояныпты. - Мынау бәйшешек. Қайталаймыз. Бәйшешек. Жарайсыңдар! Бәйшешектің түсі ақ, күлгін, көгілдір, ақшыл қызғылт болады. Қардың астынан суықтан қорықпай, жер бетіне үлбіреп шығады. Бәйшешек көктемнің келгенін білдіреді. Көктемнің алғашқы белгісі. Қайталаймыз. Бәйшешек - көктемнің алғашқы белгісі. - Балалар, таудың бөктерінде, далада өсіп шығатын тағы бір гүліміз - қызғалдақ. Қызғалдақ гүлін кейбір кезде жауқазын деп те айтады. - Міне, балалар, қызғалдақтар осындай болады. Қызғалдақтардың түстері де әр алуан болады. Сары, қызыл, алқызыл түстері болады. Қайталаймыз. Қызғалдақ. Жарайсыңдар! - Ал, көктемнің күні ысыған, соңғы айында бақбақ гүлдері сап-сары кілемдей, бірінен соң бірі гүлдеп, жердің сәнін

келтіреді.

- Бақбақ гүлі. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! Бақбақ гүлі сап-сары болып гүлдеп, аппақ үлпілдек түкке айналады. Жел соқса, басындағы үлпілдек мамықтары жан-жаққа ұшып кетеді.

Көркемсөз.

Көктемнің жаршысы боп саналады,

Гүлдер сондай нәзік боп жаралады.

Қар астынан қылтиып, оянатын,

Бәйшешек батыр гүл боп саналады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Энциклопедиялық мәлімет.

«Гүлдің түсін ата» ойыны.

Мақсаты. Балаларды таныған гүлдерін атауға, түстерін ажыратып айтуға ынталандыру.

Сергіту сәті. «Гүлдер».

Көктемнің жаршысы боп саналады, (аяқ бірге, екі қолды жоғары көтеру, екі жаққа жіберу)

Гүлдер сондай нәзік боп жаралады. (қолдарын екі жаққа жапырақ сияқты ашып, денелерін оңға және солға қозғайды)

Қар астынан қылтиып, оянатын, (отырып, қолдарын бауырына жинап, басын төмен түсіріп тығылады да, қайта орындарынан тұрады)

Бәйшешек батыр гүл боп саналады. (екі қолдарын екі жаққа созып, шынтақтарын бүгіп, күштерін көрсеткендей қимыл келтіреді) Жаттығу екі рет орындалады.

«Шатасқан гүлдер» дамытушылық ойыны.

Бүгінгі танысқан үш гүлдің (бәйшешек, қызғалдақ, бақбақ) 4 бөлікке бөлінген суреттері. Әр балаға алдында жатқан қандай гүл екенін тауып, құрастырып шығу ұсынылады.

Нақыл сөздер.

- Гүлдер, ағаштар мен шөптерді бір сөзбен - өсімдіктер дейміз.

- Қазақ халқында өсімдіктерге байланысты айтылған жақсы сөздер бар. Соларды жаттап алуға тырысайық.

- Көкті жұлма.

- Көкті таптама.

- Жалғыз ағашты кеспе.

Жұмбақ шешу.

Осы гүлдің отаны –

Қазақтың кең даласы

Көктемде дала құлпырып

Қып-қызыл болар қарашы. (Қызғалдақ.)

Қорықпайды суықтан,

Ұқсайды аппақ бұлтқа.

Қар астынан шығатын гүл,

Көктемді еске салатын гүл (Бәйшешек.)

	ҚОРЫТЫНДЫ
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверка
методист инд!

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

04.05-08.05

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнemoкестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	35. "Адамдардың көктемгі еңбегі" Мақсаты: Балалардың қазақ тілінде сөйлеу қабілетін дамыту, сын есімдерді зат есіммен үйлестіруді үйрету Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәт. - Балалар, бүгін бізге қонаққа Бағбан ата келді. Ол сендермен амандасып тұр. Бағбан ата: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! - Балалар, біз де қонаққа амандасайық. Балалар: - Сәлеметсіз бе, ата! - Балалар, Бағбан ата бізден көмек сұрай келіпті. Бағбан ата: - Көктем мезгілі келді. Істейтін жұмыс көп. Қар болса жақында ғана еріді, адамдар үлгермей жатыр. Бізге көмектесіп жіберіңдерші, балалар! - Балалар, Бағбан атаға көмектесеміз бе? - Иә! - Жарайсыңдар! - Алдымен, балалар, көктемгі еңбек туралы барлығын біліп алуымыз керек. Ол үшін экранға назар аударайық. Көктемгі егістік науқаны туралы суреттер көрсету. Педагог: - Балалар, бүгін біз бидай отырғызамыз. Егін даласында бидай қалай өсетінін көргілерің келе ме? (карточкаларды

балаларға көрсету).

Педагог:

1-сурет.

- Ең алдымен, егістіктің жерін жыртады. Одан кейін бидай егеміз.
- Біз бидайдың дәнін не істейміз?
- Иә, бидайдың дәнін топыраққа егеміз.
- Дәнді топыраққа егеміз. Жарайсыңдар!
- Жер жыртады. Егістікке егін егеді. Қайталаймыз.
- Егін егеді.
- Жарайсыңдар!

2-сурет.

- Балалар, мына суретте бидай егу көрсетілген. Балалар, бидайдың бір дәні қалай өсіп шығатынын қараңдаршы.
- Бидайдың дәні топыраққа түскенде өне бастайды. Оның ұсақ тамыры пайда болады.
- Топырақ астында бидайдың дәні жарылып, одан өскін өседі.
- Қайталайық. Өскін өседі.

3-сурет.

- Өскін жер бетіне шықты.
- Өскінде не бар?
- Иә, өскінде жапырақтары бар.
- Өскінде жапырақтар бар. Жердің бетіне жасыл сабақтары өсіп шығады.

4-сурет.

- Күн қыздырып, жаңбыр жауып, бидай дәнінен бидай масағы пайда болды.
- Мынау бидай масағы. Сабағының басына масағы өседі. Ерте көктемде егілген бидай үлкен егістікке айналады.
- Қайталайықшы. Жарайсыңдар!

5-сурет.

- Ал бидайдан ұнды тартады.
- Мынау ұн

6-сурет.

- Ұннан не пісіреді?
- Иә, нан пісіреді.
- Жарайсыңдар!

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Зерттеу жаттығуы «Пияз қандай?»

Мақсаты. Балалардың ұғымында пияз туралы түсініктерін тиянақтау, қызығушылықты арттыру.

Сергіту сәті.

Бір баланың басына пияздың маскасын кигізеді. Қалған балалар шеңбер бойымен "пиязды" айналып, сөздеріне қимыл-әрекеттерін үйлестіре отырып өлең жолдарын айтады.

	Бізде үлкен бақша бар, Онда пияз өседі. Үлкендігі мынадай, Биіктігі мынандай. - Пияз енді бізге кел, бізбен бірге билеп бер. (осы сөзден кейін "пияз" – бала билейді) «Пиязды құрастыр» дидактикалық ойыны (балалар жерге отырып ойнайды). Шарты.Қағаздан жасалған пиязға, жасыл қыстырғыштардан өскіндер қыстырып құрастыру. Көркемсөз. Көзім түсті апамның Көзіндегі жасына. «Белгісі ме қапаның?» – Деп келдім мен қасына. ҚОРЫТЫНДЫ
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверка
методист инст

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

12.05-15.05

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	36. Жайдары жаз келді! Мақсаты: Қазақ тілінде жаз мезгілі туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді үйрету. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәт. Қонаққа Орман перизаты келеді. - Балалар, бүгін бізге қонаққа Орман перизаты келді. Ол бізбен амандасып тұр. Орман перизаты: - Сәлеметсіздер ме! Балалар: - Сәлеметсіз бе! - Балалар, Орман перизаты өзінің сиқырлы сандығын ала келіпті. Оның ішінде не бар екенін білгілерің келе ме? Иә! Ендеше, Орман перизатының жұмбағын шешіп көрейік. Жұмбақ жасыру. Киіп алсаң басыңа, Күн түспейді шашыңа. Жиектері кең неткен, Шарпымайды Күн беттен. Бұл не? - Дұрыс айтасыңдар! Мынау қалпақ. Қайталаймыз. Орман Перизаты бізді жазғы орманға серуенге шақырады. Ол үшін

	сиқырлы қалпақтарды киеміз де, көзімізді жұмып, сиқырлы сөздерді айтамыз. Көркемсөз. Жаз келгенде даладан, Үйге кірмей ойнаймыз. Қорықпаймыз ыстықтан, Көлеңкені бойлаймыз. НЕГІЗГІ БӨЛІМ «Жалғасын тауып айт» сөздік дидактикалық ойыны. Педагог өлең жолдарын оқиды. Балалар «қандай?» сұрағын қою арқылы сын есімдерді табады. Жайдары жаз. Жайдары жаз келгенде, ... (Әдемі, әртүрлі) гүлдер гүлдейді. Еңбектеніп жәндіктер, Құстар ... (қатты, жақсы, әсем) ән салады. «Жаз» дидактикалық ойыны. Балалардың логикалық ойлауын, қолдың ұсақ моторикасын, тілін дамытуға бағытталған ойын. Жаздың А3 форматтағы суреті ұсынылады, суретке жетіспей тұрған бөлшектерін балалар өздері орналастырады. Нені орналастырғанын айтады. «Өзенде» сергіту сәті. Таңмен бірге оянып, Серуенге шығамыз. Алыстағы өзенге, Барлығымыз барамыз. (Бір орында жүру.) Аспандағы бұлттардан, Күннің көзі көрінді. Шуақтарға шашылған, Қолымызды созамыз. (Алақандарын ашып, қолдарын жоғары көтеру) ҚОРЫТЫНДЫ
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверила
методист инд!

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

18.05-22.05

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	37. «Жердің көркі - гүл». Гүлдер әлемінде. (Қайталау) Мақсаты: Қазақ тілінде гүлдер туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді үйрету. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәт. Қонаққа Гүл ханшайымы келеді. - Балалар, бізге Гүл ханшайымы келді. Ол бізбен амандасып жатыр. Гүл ханшайымы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар:- Сәлеметсіз бе! - Балалар, Гүл ханшайымы бізге сиқырлы қоңырауын алып келіпті. Бұл қоңырауды сыңғырлатсақ, табиғат қысқы ұйқысынан ояна бастайды екен. Қане, балалар, сыңғырлатып көрейікші. Ең бірінші болып, табиғатта қандай гүл оянады екен?Қоңыраудың сыңғыры естіледі. - Ең бірінші, балалар, қардың астынан бәйшешек гүлі ояныпты. - Мынау бәйшешек. Қайталаймыз. Бәйшешек. Жарайсыңдар! Бәйшешектің түсі ақ, күлгін, көгілдір, ақшыл қызғылт болады. Қардың астынан суықтан қорықпай, жер бетіне үлбіреп шығады. Бәйшешек көктемнің келгенін білдіреді. Көктемнің алғашқы белгісі. Қайталаймыз. Бәйшешек - көктемнің алғашқы белгісі. - Балалар, таудың бөктерінде, далада өсіп шығатын тағы бір гүліміз - қызғалдақ. Қызғалдақ гүлін кейбір кезде жауқазын

деп те айтады.

- Міне, балалар, қызғалдақтар осындай болады. Қызғалдақтардың түстері де әр алуан болады. Сары, қызыл, алқызыл түстері болады. Қайталаймыз. Қызғалдақ. Жарайсыңдар!

- Ал, көктемнің күні ысыған, соңғы айында бақбақ гүлдері сап-сары кілемдей, бірінен соң бірі гүлдеп, жердің сәнін келтіреді.

- Бақбақ гүлі. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! Бақбақ гүлі сап-сары болып гүлдеп, аппақ үлпілдек түкке айналады. Жел соқса, басындағы үлпілдек мамықтары жан-жаққа ұшып кетеді.

Көркемсөз.

Көктемнің жаршысы боп саналады,

Гүлдер сондай нәзік боп жаралады.

Қар астынан қылтиып, оянатын,

Бәйшешек батыр гүл боп саналады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Энциклопедиялық мәлімет.

«Гүлдің түсін ата» ойыны.

Мақсаты. Балаларды таныған гүлдерін атауға, түстерін ажыратып айтуға ынталандыру.

Сергіту сәті. «Гүлдер».

Көктемнің жаршысы боп саналады, (аяқ бірге, екі қолды жоғары көтеру, екі жаққа жіберу)

Гүлдер сондай нәзік боп жаралады. (қолдарын екі жаққа жапырақ сияқты ашып, денелерін оңға және солға қозғайды)

Қар астынан қылтиып, оянатын, (отырып, қолдарын бауырына жинап, басын төмен түсіріп тығылады да, қайта орындарынан тұрады)

Бәйшешек батыр гүл боп саналады. (екі қолдарын екі жаққа созып, шынтақтарын бүгіп, күштерін көрсеткендей қимыл келтіреді) Жаттығу екі рет орындалады.

«Шатасқан гүлдер» дамытушылық ойыны.

Бүгінгі танысқан үш гүлдің (бәйшешек, қызғалдақ, бақбақ) 4 бөлікке бөлінген суреттері. Әр балаға алдында жатқан қандай гүл екенін тауып, құрастырып шығу ұсынылады.

Накыл сөздер.

- Гүлдер, ағаштар мен шөптерді бір сөзбен - өсімдіктер дейміз.

- Қазақ халқында өсімдіктерге байланысты айтылған жақсы сөздер бар. Соларды жаттап алуға тырысайық.

- Көкті жұлма.

- Көкті таптама.

- Жалғыз ағашты кеспе.

Жұмбақ шешу.

Осы гүлдің отаны –

Қазақтың кең даласы

Көктемде дала құлпырып

Қып-қызыл болар қарашы. (Қызғалдақ.)

	Қорықпайды суықтан, Ұқсайды аппақ бұлтқа. Қар астынан шығатын гүл, Көктемді еске салатын гүл (Бәйшешек.) ҚОРЫТЫНДЫ
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Өдістемелік материалдармен жұмыс	

Проверка
методист инд!

Қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің циклограммасы 2025-2026 оқу жылы

Топ: Почемучки

25.05-29.05

Күн тәртібі	жұма
Уақыты	жұма Почемучки I- 9.35; II-9.55.
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қазақ тілі бойынша балаларға дидактикалық ойындар, үлестірмелі карточкалар, мнемокестелер, тақпақтар, мақалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар
Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет	37. Жайдары жаз келді! (Қайталау) Мақсаты: Қазақ тілінде жаз мезгілі туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді үйрету. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәт. Қонаққа Орман перизаты келеді. - Балалар, бүгін бізге қонаққа Орман перизаты келді. Ол бізбен амандасып тұр. Орман перизаты: - Сәлеметсіздер ме! Балалар: - Сәлеметсіз бе! - Балалар, Орман перизаты өзінің сиқырлы сандығын ала келіпті. Оның ішінде не бар екенін білгілерің келе ме? Иә! Ендеше, Орман перизатының жұмбағын шешіп көрейік. Жұмбақ жасыру. Киіп алсаң басыңа, Күн түспейді шашыңа. Жиектері кең неткен, Шарпымайды Күн беттен. Бұл не? - Дұрыс айтасыңдар! Мынау қалпақ. Қайталаймыз. Орман Перизаты бізді жазғы орманға серуенге шақырады. Ол үшін сиқырлы қалпақтарды киеміз де, көзімізді жұмып, сиқырлы сөздерді айтамыз. Көркемсөз. Жаз келгенде даладан, Үйге кірмей ойнаймыз.

	Қорықпаймыз ыстықтан, Көлеңкені бойлаймыз. НЕГІЗГІ БӨЛІМ «Жалғасын тауып айт» сөздік дидактикалық ойыны. Педагог өлең жолдарын оқиды. Балалар «қандай?» сұрағын қою арқылы сын есімдерді табады. Жайдары жаз. Жайдары жаз келгенде, ... (Әдемі, әртүрлі) гүлдер гүлдейді. Еңбектеніп жәндіктер, Құстар ... (қатты, жақсы, әсем) ән салады. «Жаз» дидактикалық ойыны. Балалардың логикалық ойлауын, қолдың ұсақ моторикасын, тілін дамытуға бағытталған ойын. Жаздың А3 форматтағы суреті ұсынылады, суретке жетіспей тұрған бөлшектерін балалар өздері орналастырады. Нені орналастырғанын айтады. «Өзенде» сергіту сәті. Таңмен бірге оянып, Серуенге шығамыз. Алыстағы өзенге, Барлығымыз барамыз. (Бір орында жүру.) Аспандағы бұлттардан, Күннің көзі көрінді. Шуақтарға шашылған, Қолымызды созамыз. (Алақандарын ашып, қолдарын жоғары көтеру) ҚОРЫТЫНДЫ
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту, тақпақ, мақалдар үйрету.
Әдістемелік материалдармен жұмыс	